

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ЖАНЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

БАСҚАРУ ИНСТИТУТЫ

қолжазба құқығында

Саламат Амангелді Сағидоллаұлы

**АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІН ДАМУ ШАРАЛАРЫН
ЖЕТІЛДІРУ**

«7М041 Бизнес және басқару» дайындық бағыты бойынша

«7М04106 – Экономика» білім беру бағдарламасы

Бизнес және басқару магистрі дәрежесін иелену үшін магистрлік жоба

Ғылыми жетекші: _____ Молдабаева С.С.

Жоба қорғауға жіберілді: 2024 жылғы «_____» _____

Басқару институтының директоры _____ Гаипов З.С., саяси ғылымдарының
докторы

Астана, 2024

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	4
КІРІСПЕ	5
НЕГІЗГІ БӨЛІМ	10
1 тарау Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеудің экономикалық маңызы және рөлі	10
1.1 Агроөнеркәсіптік кешеннің аймақтық дамуын мемлекеттік реттеу әдістері мен қағидалары, мемлекеттік реттеу жүйесінің қалыптасуы.....	10
1.2 АӨК аймақтық аспектілерін мемлекеттік реттеудің шетелдік тәжірибесі.....	16
2 тарау Негізгі көрсеткіштерді басым бағыттарын айқындау	23
2.1 Атырау облысының агроөнеркәсіптік кешенінің қазіргі жағдайын талдау.....	23
2.2 Атырау облысының агроөнеркәсіптік кешенінің мал және құс еті бағыты.....	30
2.3 Атырау облысының агроөнеркәсіптік кешенінің балық және өсімдік бағыты	
2.4 Атырау облысының ауыл шаруашылығы саласында мемлекеттік.....	32
қолдаулар.....	34
2.5 Агроөнеркәсіп кешені саласындағы инвестициялық жобалар.....	37
3 тарау Талдау және ұсыныстар	40
3.1 Аймақтағы ауыл шаруашылығын мемлекеттік реттеудің проблемалары және шешу жолдары.....	40
3.2 АӨК аймақтық аспектілерін дамытуды мемлекеттік реттеуді жетілдіру бойынша ұсыныстар.....	49
3.3 Ауыл шаруашылығы саласындағы өзекті мәселелер.....	52
ҚОРЫТЫНДЫ	55
ПАЙДАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ	58
ҚОСЫМШАЛАР	61

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы магистрлік жобада мынадай нормативтік-құқықтық актілерге сілтемелер пайдаланылды.

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.

"Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 12 шілдедегі № 423 қаулысы.

"Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021 – 2025 жылдарға арналған ұлттық жобасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 732 қаулысы (Күші жойылды-Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 22 қыркүйектегі № 828 қаулысымен).

"Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 960 Қаулысы.

"Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 14 қазандағы № 240-V ҚРЗ Заңы.

"Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау шаралары туралы Хаттама" Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 29 қосымша

"Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 107 бұйрығы.

"Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 маусымдағы № 6-3/597 бұйрығы.

"Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы № 108 бұйрығы.

"Бюджеттік субсидиялардан экономикалық әсерді айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 14 қазандағы № 295 бұйрығы.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АӨК - Агроөнеркәсіптік кешен
ЕАЭО - Еуразиялық экономикалық одақ
ДСҰ - Дүниежүзілік сауда ұйымы
ЖІӨ - жалпы ішкі өнім
ЭЫДҰ - экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
БҰҰ (ФАО) – азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы
ҚР АШМ-Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
ҚР СЖРА ҰСБ - Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросы
АШТӨ - ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер
ЕО - Еуропалық Одақ
АҚШ – Америка Құрама Штаттары
ТМД - Тәуелсіз Мемлекеттер Одағы
ІҚМ - ірі қара мал
ЖЖМ - жанар-жағармай материалдары
ЖӨӨ - жалпы өңірлік өнім
ЖАО - жергілікті атқарушы орган
СМАЖ - субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесі

КІРІСПЕ

Агроөнеркәсіптік кешен өндірістің барлық түрлерін және өнеркәсіптік қызметтерді, олардың құрылуы мен дамуы, ауылшаруашылық шикізатынан түпкілікті тұтыну өнімдеріне дейін қамтиды. Сондықтан қазіргі таңда агроөнеркәсіптік кешенді аймақтық аспектілер бойынша мемлекеттік реттеу мәселесі маңызды орынға ие.

Зерттеудің өзектілігі. Қазіргі таңда агроөнеркәсіптік кешен мемлекеттің экономикалық дамуының алғышарты болып табылады. Агроөнеркәсіптік кешенінің даму барысы тек аграрлық секторы үшін ғана емес, жалпы экономиканың басқа да маңызды салаларының дамуына өз әсерін тигізеді. Кез-келген саланың қарқынды дамып, нәтижелі көрсеткіштер көрсетуі үшін мемлекеттік реттеудің маңызы зор. Оның маңызы халықтың азық-түлікке деген сұраныстарын қанағаттандыруда ғана емес, сонымен бірге халықтың жұмыспен қамтылуына және бүкіл ұлттық өндірістің тиімділігіне айтарлықтай әсер етеді.

Зерттеу мақсаты. Атырау облысының аймақтық аспектілерін ескере отырып, мемлекеттік реттеудің негізгі бағыттарын жүзеге асыру бойынша тиімді нәтижеге жету мақсатында жетілдіру жолдарын ұсыну.

Қойылған мақсатқа жету үшін келесі міндеттер жүзеге асырылады:

1. Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеудің экономикалық маңызы және рөлін анықтау;
2. АӨК мемлекеттік реттеу әдістері мен қағидалары, мемлекеттік реттеу жүйесінің қалыптасуын анықтау;
3. АӨК аймақтық дамуын мемлекеттік реттеудің шетелдік тәжірибесін зерттеу;
4. Атырау облысы әкімдігінің қызметін талдау;
5. Атырау облысында АӨК дамуын талдау;
6. Аймақтағы ауыл шаруашылығын мемлекеттік реттеудің проблемалары және шешу жолдарын анықтау.

Зерттеу объектісі. Атырау облысы агроөнеркәсіптік кешені.

Агроөнеркәсіптік кешенінің даму бағыттарын айқындауда саланың күрделі құрылымын ескере отырып, **әдіснамалық зерттеу әдісі** ретінде жүйелілік тәсіл, SWOT талдау және статистикалық талдау әдісі қолданылады.

Зерттеу пәні. Қуаңшылықты аймақта орналасқан Атырау облысының агроөнеркәсіп кешенін дамыту бағыттарын зерделеу.

Магистрлік зерттеу тақырыбының жаңалығы. Атырау облысының ауыл шаруашылығында тек қана бір бағыт - мал шаруашылығымен емес, басқада бағыттарда дамытуға болатындығын ашып көрсету.

Қорғауға шығарылатын негізгі ғылыми ережелер. Өндірісті түбегейлі жаңғыртусыз АӨК-тің қазіргі әлеуеті таяу жылдары негізгі өндірістік қорлардың тозуы және пайдаланылатын технологиялардың үдемелі қартаюы салдарынан қарқынды қысқара бастайды. Ауыл шаруашылығы техникасының, энергия тасымалдаушылардың және қосалқы бөлшектердің жоғары құны, банктік кредиттердің қымбаттығы және олардың қысқа мерзімді кредиттеуге

бағдарлануы АӨК субъектілерінің басым көпшілігіне негізгі құралдарды жаңартуға және ғылыми негізделген агротехнологияларды сақтауға мүмкіндік бермейді.

Мал шаруашылығындағы негізгі проблема оның ұсақ тауарлылығы және онымен байланысты төмен тұқымды табынның проблемалары, мал шаруашылығы өнімдерінің қажетті сапа параметрлерін қамтамасыз ету болып табылады. Ірі тауар өндірісі іс жүзінде жоқ, нәтижесінде жемшөптің өнеркәсіптік өндірісінің дамымауы және олардың жоғары құны.

Ғылым мен өндірістің әлсіз байланысы, ғылыми зерттеулерді қаржыландырудың және әлемдік ғылыми жетістіктерді пайдаланудың жеткіліксіз деңгейі, өндірістің нақты қажеттіліктеріне бейімделмеген кадрларды даярлау жүйесі аграрлық өндіріс тиімділігінің өсуін тежейтін факторлар болып табылады.

Ветеринариялық және фитосанитариялық қауіпсіздік жүйесі, банктік, инвестициялық, сақтандыру, ақпараттық-маркетингтік, сауда-сатып алу және басқа да сервистік ұйымдар, институционалдық инфрақұрылымды қалыптастыратын кадрларды даярлау жүйесі әлі де жоғары тәуекелді және табысы төмен аграрлық сектордағы жұмыс ерекшелігіне толық бағдарланбаған. Мұндай институттардың тиімді жұмыс істейтін жүйесі тұрақты аграрлық секторды дамытудың қажетті элементі болып табылады.

Жұмыстың **теориялық және методологиялық негізін** зерттеген отандық және шетелдік ғалымдар: Ж.О.Ихданов, Ә.О.Орманбеков, Е.Б.Жатқанбаев, А.М.Бабашкина, К.М.Маденова, А.Қ.Ерназарова, К.Қ.Хасенова, Л.Г.Ходов, Е.С.Мезенцева, Г.К.Ниеталина, Г.А.Перанева, И.А.Колесняк және т.б.

Ауыл шаруашылығы өндірісін мемлекеттік реттеу қажеттілігі мемлекеттің халық алдында олардың өмір сүруі үшін қалыпты жағдай жасау, азық-түлікпен және басқа да ауыл шаруашылығы тауарларымен қамтамасыз ету үшін жауапты болуымен байланысты. Материалдық және қаржы ресурстарының тапшылығы, техникалық деңгейдің төмендігі, еңбектің әлсіз ынталандырылуы, салааралық байланыстардың бұзылуы, ауылдың әлеуметтік артта қалуы, дағдарыстан өз бетінше шыға алмауы саланы аймақтық мемлекеттік реттеудің қажеттілігін негіздейді.

Зерттеу жұмысының әдеби шолу бөлімінде агроөнеркәсіптік кешенінің мәні мен маңызы, теориялық аспектілері, сондай-ақ агроөнеркәсіптік кешенін стратегиялық дамытудың шетелдік тәжірибесі зерттелді.

Негізгі бөлімде Атырау облысының агроөнеркәсіптік кешенінің қазіргі жағдайы және мемлекеттік реттеу жүйесіне талдау жасалып, саланың дамуында орын алған мәселелер қарастырылған.

Талдау және ұсыныстар бөлімінде агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеуді жетілдіру жолдары, агроөнеркәсіптік кешеннің ұлттық және халықаралық маңызын арттырудың алғышарттары, сондай-ақ аграрлық саланы мемлекеттік қолдау және аймақтық аспектілер негізінде мемлекеттік реттеу жұмыстарын оңтайлы жетілдіру ұсыныстары баяндалған.

Диссертацияда Атырау облысының агроөнеркәсіптік кешенін дамытуды мемлекеттік реттеу шараларын жетілдіру бойынша **келесі ұсыныстар берілген:**

1. *Нақты өңірлік мақсаттарға бағытталған мемлекеттік қолдау моделі:*

– Бұл әрбір аймақтың бірегей табиғи, экономикалық және әлеуметтік жағдайларын ескере отырып, оған тән бағдарламаларды әзірлеуді білдіреді. Бұл тәсіл аймақтық қажеттіліктерді тиімдірек шешуге мүмкіндік береді және аграрлық сектордың тұрақты дамуына ықпал етеді.

2. *Мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының функционалдық міндеттерін ажырату:*

– Ұсынылып отырған модель орталық және аймақтық билік органдары арасында жауапкершілікті бөлудің маңыздылығын атап көрсетеді. Мемлекеттік органдар ұлттық экономикалық саясатты жүзеге асыруға назар аударуы керек, ал жергілікті билік өз аймақтарында ауыл шаруашылығын дамытуға арналған бағдарламаларды әзірлеп, жүзеге асыруы керек.

3. *Экономика мен агробизнесі дамыту үшін қолайлы жағдай жасау:*

– Бұл агроөнеркәсіп кешенінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, инфрақұрылымды дамыту, қаржы ресурстары мен нарықтарға қолжетімділікті қамтамасыз ету, инновациялар мен жаңа технологияларды енгізуді ынталандыру шараларын қамтиды.

4. *«Ауылдық жинақ» бағдарламасы бойынша шағын несие:*

– Бұл бағдарлама әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерін өндіру үшін нақты аудандарға немесе ауылдық округтерге қаржылық қолдау көрсетуді ұсынады. Бұл жергілікті ауыл шаруашылығы өндірісінің дамуын ынталандыруға және азық-түлік қауіпсіздігін жақсартуға ықпал етеді.

5. *Инфрақұрылымды және логистиканы нығайту:*

– Ішкі және халықаралық нарықтарға қолжетімділікті жақсарту үшін көлік инфрақұрылымын дамыту.

– Егін жинаудан кейінгі ысырапты азайту және өнім сапасын жақсарту мақсатында өнімді сақтау қоймаларын салу және жаңғырту.

6. *Жерді пайдалану тиімділігін арттыру:*

– Өнімділікті арттыру және жер ресурстарын пайдалануды оңтайландыру үшін озық агротехнологияларды енгізу.

– Жерді өңдеудің заманауи әдістеріне және жерді пайдалану тиімділігін арттыруға фермерлерді үнемі оқыту және кеңес беру.

7. *Өңдеуді дамыту:*

– Шикізат экспортын қысқарту және дайын өнім үлесін ұлғайту үшін өңдеуші кәсіпорындарды құруды және дамытуды ынталандыру.

– Жоғары қосылған құны бар өнімдерді шығару үшін өңдеу саласындағы инновацияларды қолдау.

8. *Мемлекеттік қолдауды күшейту:*

– Субсидияларды, салық жеңілдіктерін және жеңілдетілген несиелендіруді қоса алғанда, ауыл шаруашылығы өндірушілері мен

өңдеушілерін мемлекеттік қолдау бағдарламаларын кеңейту.

– Білікті мамандар даярлау және инновацияларды енгізу мақсатында ауыл шаруашылығы ғылымы мен білімін дамыту.

9. Инвестицияларды тарту:

– Агроөнеркәсіптік кешенге отандық және шетелдік инвестицияларды тарту үшін қолайлы инвестициялық ахуал жасау.

– Агроөнеркәсіптік кешендегі ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін мемлекет пен жеке сектор арасындағы серіктестікті дамыту.

10. Ынтымақтастықты дамыту:

- Шағын және орта тауар өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін ауыл шаруашылығы кооперативтерін қолдау және дамыту.

- Тұқымдарды, тыңайтқыштарды және ауыл шаруашылығы техникаларын бірлесіп сатып алу, сондай-ақ өнімді бірлесіп өңдеу және өткізу үшін кооперативтік үлгілерді енгізу.

11. Экспорттық әлеуетті дамыту:

- Ауыл шаруашылығы өнімдері мен оларды қайта өңдеу өнімдерінің экспорттық нарықтарын кеңейту және әртараптандыру.

- Халықаралық талаптар мен стандарттарға сәйкес келетін өнім сапасы мен стандарттарын жақсарту.

Қазіргі таңда кез келген мемлекеттің экономикасында агроөнеркәсіптік кешенің маңызы артуда. Себебі агроөнеркәсіптік кешеннің жағдайы экономиканың бәсекеге қабілеттілігі мен мемлекеттің қауіпсіздігіне, экономикалық өсім деңгейіне, халықтың әл-ауқатына тікелей әсер етеді. Сонымен қатар агроөнеркәсіптік кешен әлеуметтік, экологиялық, саяси мәселерді шешуде де маңызды орын алады. Агроөнеркәсіптік кешеннің аталған маңызды принциптерін ескере отырып, салаға мемлекеттік реттеу жүргізудің тиімділігін байқаймыз. Аграрлық саланы мемлекеттік реттеудің нәтижесінде аймақтың экономикалық өсім деңгейін жоғарылату, халықтың әл-ауқатын көтеру, аймақтағы өндіріс процесін дамыту, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету сияқты кешенді мәселелер шешімін табады.

Теориялық және практикалық маңыздылығы: Зерттеу нәтижелерінің негізгі тұжырымдары Атырау өңірінде ауыл шаруашылығы өндірісін қолдаудың экономикалық тиімділігін арттыруға бағытталған іс шаралар мен мемлекет тарапынан көрсетіліп жатырған қолдаулар мен жобаларды әзірлеу кезінде қолданылуы, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Облыс көлемінде келетін ет және сүт өнімдерін өзімізде қамтамасыз етуді қарастыру. Зерттеу нәтижелері субсидиялар көлемін жоспарлаумен және негіздеумен айналысатын мемлекеттік органдарға (бірінші кезекте АӨК басқару органдарына), аграрлық экономика саласында маманданған ғалым-экономистерге пайдалы болуы мүмкін.

Бұл магистрлік жобаның маңызды теориялық маңызы бар, өйткені онда ауыл шаруашылығы мәселелері бойынша өзекті ақпарат пен тұжырымдамалық талдаулар бар.

Зерттеудің ақпараттық базасы: Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ауыл шаруашылығын субсидиялаудың көлемі мен нормативтік-құқықтық актілері туралы мәліметтер жасайды – (ҚР АШМ), Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросының статистикалық деректері (ҚР АӘК БНС), экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымын (ЭЫДҰ), БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымын (ФАО), ДСҰ және ЕАЭО-ны мемлекеттік қолдау жөніндегі деректер, ғылыми-зерттеу институттары мен ұйымдарының Ауыл шаруашылығын дамыту көрсеткіштері.

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және енгізу: магистрлік жобаны зерттеу аясында "Ашық үкімет және басқарудың жаңа мәдениеті: есту, түсіну, әрекет ету" (2023 жылғы 27-28 сәуір) Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында "Қазақстан Республикасы агроөнеркәсіптік кешенінің даму жағдайы мен болашығы" тақырыбында мақала жарияланды.

Магистрлік жобаның құрылымы мен көлемі: 60 беттен тұратын магистрлік жоба кіріспеден, үш тараудан, тоғыз тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған дереккөздер тізімінен тұрады, 16 суреттен, 4 кестеден, сондай-ақ зерттеу тақырыбы бойынша жұмыс материалдары жиналған қосымшалардан тұрады.

1 Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеудің экономикалық маңызы және рөлі

1.1 Агроөнеркәсіптік кешеннің аймақтық дамуын мемлекеттік реттеу әдістері мен қағидалары, мемлекеттік реттеу жүйесінің қалыптасу

Агроөнеркәсіптік кешен ауыл шаруашылығының дамуымен байланысты, оның өндірісіне қызмет ету мен ауыл шаруашылық өнімін тұтынушыға жеткізу сияқты халық шаруашылығының салалар жиынтығы болып табылады.

Агроөнеркәсіптік кешен (АӨК) ел экономикасында айрықша маңызға ие. Бұл қоғамның өмірлік белсенділігін қамтамасыз ету үшін жағдайларды анықтайтын негізгі ұлттық экономикалық кешендердің бірі. «Қазақстан – 2050» стратегиясы бойынша агроөнеркәсіптік кешенді аймақтық дамыту барысында экологиялық таза өндірісті қалыптастыру міндеті тұр. Оның маңызы халықтың азық-түлікке деген сұраныстарын қанағаттандыруда ғана емес, сонымен бірге халықтың жұмыспен қамтылуына және бүкіл ұлттық өндірістің тиімділігіне айтарлықтай әсер етеді. Агроөнеркәсіптік кешен өндірістің барлық түрлерін және өнеркәсіптік қызметтерді, олардың құрылуы мен дамуы, ауылшаруашылық шикізатынан түпкілікті тұтыну өнімдеріне дейін қамтиды [1].

«Агроөнеркәсіптік кешен» термині ғылымға 70-жылдарда енген болатын, бұл кезең оның біртұтас болып қалыптасқан кезеңі. Агроөнеркәсіп кешенінің пайда болуына тарихи жағынан ғылыми-техникалық прогресс әсер етті. Онда ауыл шаруашылығына көптеген жаңалықтардың енуімен қатар, ауыл шаруашылығы мен өндіріс арасындағы қарым-қатынас нығайды.

Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеу - мемлекеттің ауыл шаруашылығы өнімдерін, шикізат пен азық-түлікті өндіруге, қайта өңдеуге және сатуға құқықтық, әкімшілік және экономикалық әсер ету жүйесі [2].

Аймақтағы агроөнеркәсіптік кешеннің дамуын мемлекеттік реттеудің мәні келесі қызметтерімен:

– агроөнеркәсіптік салада нарықтық қатынастарды ұтымды жүргізе алатын субъектілерді, яғни, меншік иелерін, менеджерлерді, кәсіпкерлерді, құқықтық базамен қамту және кадрларды дайындау мен қайта даярлауға мүмкіндік беретін мемлекеттік реттеу жүйесін қалыптастырумен;

– ауыл шаруашылығы өнімдеріне тұрақты ұсыныс пен сұранысты қалыптастыру және қолдаумен айқындалады. Нәтижесінде халықты еңбекпен қамтамасыз ету және олардың өзіндік кірісін қалыптастыру сияқты мәселелер өз шешімін табады. Сондай-ақ отандық және шетелдік капиталды тарту, ҒТП жетістіктерінің енгізілуіне қолайлы ортаны қалыптастырумен;

– жаңа заңдар қабылдау, ескі заңдарды жетілдіру арқылы ауыл шаруашылығы субъектілерінің тиімді жұмыс жасауына қолайлы орта қалыптастыру;

– агроөнеркәсіптік кешеннің өнімдерінің бағаларын бақылау және қолдау, монополияға қарсы іс-әрекеттерді жүргізумен;

– экологиялық қауіпсіздіктің бұзылуына жол бермеумен, халықтың азық- түлік қауіпсіздігін қамтумен, агроөнеркәсіптік кешеннің қарқынды дамуына кедергі келтіретін шараларды болғызбаумен айқындалады.

Осы және басқа да қызметтерді іске асыру үшін мемлекет рационалды протекционизм саясатын пайдаланады. Мемлекеттер өзінің экономикалық саясатында агроөнеркәсіптік кешеннің дамуына басты назар аударып, мемлекеттік реттеу жүргізуі және сенімді түрде қолдау көрсетуі тиіс [3].

Экономиканы мемлекеттік реттеу бағытын зерттеген көптеген ғалымдардың пайымдауынша агроөнеркәсіптік кешеннің аймақтық дамуын мемлекеттік реттеу экономикалық маңызы бар мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Оны төмендегі (1-суретте) көрсетілген сызбадан байқай аламыз.



1 -сурет - Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеудің экономикалық маңызы


Ескертпе – Сурет Атырау облысы ауыл шаруашылығы басқармасының дерегі негізінде автормен құрастырылған [4].

Экономиканың аграрлық секторды дамытудағы мемлекеттік реттеудің мақсаты ауыл қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелерінің қолайлы өмір сүру жағдайы бар ауылдық аумақтар әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымының қызмет етуі негізінде ішкі және сыртқы нарықты бәсекеге қабілетті сапалы тауарлармен қамтамасыз ететін орнықты және тиімді ауылшаруашылығын қалыптастыру болып табылады. Аграрлық сектордың дамуын мемлекеттік реттеу барысында аймақтық даму аспектілері ерекше маңызға ие. Себебі, аграрлық сектор климаттық жағдайларға тәуелді

болғандықтан әр елді мекеннің экономикалық жағдайы, даму перспективалары, арарлық сектордың басым бағыттарымен қатар климаттық жағдайы ескеріле отырып мемлекеттік реттеу жүргізіледі.

Аграрлық саланы мемлекеттік реттеу тікелей және жанама реттеу арқылы жүргізіледі. Тікелей мемлекеттік реттеу барысында экономикалық субъектілерге таңдау құқығы берілмейді, яғни, олар мемлекеттің шешіміне келісуі қажет. Мысалы, салық заңнамасы бойынша өзгерістер, өнім сапасына, сатылымына байланысты барлық әкімшілік шектеулерді жатқызуға болады. Тікелей мемлекеттік реттеу экономикалық тұрғыда нәтижелі болып табылады. Алайда, оның нарықтық процестерге кедергі келтіретін тұстары да болады. Жанама мемлекеттік реттеу барысында мемлекет субъектілерге тікелей әсер етпейді. Бірақ, мемлекет субъектілердің мемлекеттің аграрлық саясатына және экономикалық саясатына сай шешім қабылдауына итермелейтін жағдай қалыптастырады. Жанама реттеудің артықшылығы: нарықтық процестерге кедергі келтірмей, динамикалық тепе-теңдікті сақтауға мүмкіндік береді [5].

Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеу күрделі үрдіс болғандықтан экономикалық өсімді қалыптастыру үшін мемлекеттер әр түрлі реттеу жолдарын қолданады. Агроөнеркәсіптік кешен өте күрделі құрылымы бар кешен болғандықтан оны әр аймақтың дамуына қарай салаларға бөліп мемлекеттік реттеу жүргізіледі. Төмендегі (2-суреттен) АӨК аймақтық қағидаға негіздеп салалық мемлекеттік реттеу салаларын көруге болады.



2 -сурет - АӨК мемлекеттік реттеу салалары

Ескертпе - Сурет Атырау облысы ауыл шаруашылығы басқармасының дерегі негізінде автормен құрастырылған [2, 16 б.].

АӨК субъектілері мен объектілерінің мүдделеріне қарай аграрлық саланың аймақтық дамуын мемлекеттік реттеу АӨК мақсатты құрылымдауға негізделеді. Елдің аграрлық саясаты ауылдық және қалалық тұрғындардың өмір сүру сапасын және әлеуметтік инфрақұрылымын қалыптастыратын, елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ықпал ететін тұрақты және бәсекеге қабілетті агроөнеркәсіптік өндірісті дамытуға бағытталуы тиіс.

Қорытындылай келе, агроөнеркәсіптік кешен әр елдің экономикасында ерекше орынға ие. Агроөнеркәсіптік кешеннің рөлі сапалы өнім арқылы халықтың денсаулығын жақсарту, еңбек күшін қалыптастыру, өнеркәсіптік өнімдердің көптеген түрлері үшін шикізат өндіру арқылы айқындалады.

Агроөнеркәсіптік кешен ұлттық және халықаралық деңгейде маңызға ие сала болып табылады. Оның дамуы, қазіргі жағдайы тұтас халықтың экономикалық жағдайы мен әл-ауқатын сипаттайды.

Агроөнеркәсіптік кешеннің аймақтық дамуын мемлекеттік реттеу әдістері мен қағидалары, мемлекеттік реттеу жүйесінің қалыптасуы.

Агроөнеркәсіптік кешеннің даму барысында түрлі мемлекеттік реттеу әдістері қолданылуда. Дамыған елдерге қарағанда, Қазақстанда ауыл шаруашылығын орнықты дамыту үшін мемлекеттік реттеу мен қолдауға қажеттілік өте жоғары, бұл шарушалық жүргізудің кеңестік жүйесінен нарықтық жүйесіне трансформациялануға байланысты. Қазақстанның тәжірибесі шаруашылық жүргізудің бір жүйесінен екінші жүйесіне өту агроөнеркәсіп шаруаларына ауыр тиетінін, ал жекелеген аймақтарда бұл үдеріс өте көп уақытты алатынын көрсетті [6].

Еліміз тәуелсіздік алған сәттен бастап АӨК дамуын мемлекеттік реттеу әр түрлі кезеңдерден өтіп дамуда. Төмендегі (3-суретте) көрсетілгендей АӨК аймақтық дамуын мемлекеттік реттеу төрт негізгі кезеңде жүзеге асырылған.



3-сурет - ҚР АӨК мемлекеттік реттеу кезеңдері

Ескертпе - Сурет Атырау облысы ауыл шаруашылығы басқармасының дерегі негізінде автормен құрастырылған [7].

Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудағы мемлекеттік реттеу үдерісі келесі бағыттарды қамтамасыз етеді:

- елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында шаруалардың ұйымдық және шаруашылық әлеуетін анықтау үшін экономиканың аграрлық секторындағы институционалды қайта өзгерту;
- нарықтық принциптердің артықшылығына және мемлекеттік реттеу мен қолдауға негізделген фермерлік, шаруа қожалықтары қызметінде нарықтық қатынастарды және қызмет ету механизмін қалыптастыру;


– шаруалардың шаруашылық қызметінде ғылымның рөлін күшейту мен олардың мал дәрігерлік-санитарлық және фитосанитарлық қауіпсіздігі қамтамасыз етілуі;

– шаруалардың сыртқы экономикалық қызметін экономикалық шаралармен қолдау;

– мемлекеттік билік органдарының әлеуметтік және кадрлық саясат жүргізу, ауылдықтардың ішкі және сыртқы нарықта бәсекеге қабілеттілігін арттыру, сондай-ақ ауылдарда халықты ұтымды қоныстандыру мақсатында мақсатты жұмыстар жүргізу [2, 17 б.].

Агроөнеркәсіптегі қайта өзгерістердің аталған бағыттарынан қарастырылып отырған экономикалық сектордағы мемлекеттік реттеудің мәні де айқындалады.

Қазақстан Республикасының 2005 жылы 8 шілдедегі «Агроөнеркәсіп кешенін және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңы бойынша мемлекеттік реттеу келесі (4-суретте) көрсетілген қағидаларға негізделген.



4-сурет - АӨК мемлекеттік реттеу қағидалары

Ескертпе - Атырау облысы ауыл шаруашылығы басқармасының дерегі негізінде автормен құрастырылған [8].

Қазақстанда ауылшаруашылығы өндірісінің дамуын мемлекеттік реттеу механизмінде бюджеттік қаржыландырумен, жеңілдікті несиелеумен және салық салумен, тәуекелдерден сақтандырумен аграрлық сектордың түрлі салаларындағы баға тепе-теңдігін белгілеумен байланысты экономикалық шаралар үлкен рөл ойнайды. Агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялау субсидияны нақты алушыларды бюджеттік қаражаттан біржола және қайтарымсыз негізде қаржыландыру жолымен Агроөнеркәсіптік кешеннің

дамуын экономикалық қолдау ретінде іске асырылады. Агроөнеркәсіп кешенінің субъектілерін субсидиялау оларды жаңа техникамен және жабдықтармен қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ өсімдіктердің жоғары бағалы сорттары мен жануарлар, құстар, балықтар тұқымының генетикалық қорын сақтау үшін агроөнеркәсіп кешеніне несиелік берген кезде пайыздық ставканы арзандату жолымен жүзеге асырылады. Несие беру несиелік серіктестерді ұйымдастыру мен несиелеу, өндірілген тауарларды сатып алу, өндіру, өңдеу және сату, микронесиелеуді ұйымдастыру жолымен ауылшаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтар үшін лизинг беру арқылы ауылшаруашылығы өндірісін қалыптастыру мен инфрақұрылымын дамыту мақсатында жүзеге асырылады.

Агроөнеркәсіптік кешенді тұрақтандыру жөніндегі шаралар агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеудің түрлі әдістерін қамтиды. Агроөнеркәсіптік кешеннің дамуын мемлекеттік реттеу әдістері экономикалық және әкімшілік әдістер болып бөлінеді. Төмендегі (5-суреттен) әр әдістің өзіне тән бағыттарын көруге болады.



5-сурет – АӨК мемлекеттік реттеу әдістері

Ескертпе - Атырау облысы ауыл шаруашылығы басқармасының дерегі негізінде автормен құрастырылған [9].

Экономикалық әдістер баға деңгейін және баға тепе-теңдігін сақтауды және азық-түлік және басқа да тауарларға тиімді қоғамдық сұранысты қалыптастыруды қамтиды. Мемлекеттік баға реттеудің бұл схемасы баға ауытқуларының жоғарғы және төменгі шектерін анықтауға және мемлекет қолдау көрсететін шартты бағаны белгілеуге мүмкіндік береді. Қаржылық қолдау шараларының ішіне гранттар мен өтемақы, жеңілдікті несиелендіру

және салық салу, шетелдік бәсекелестердің араласуынан қорғау, несие бойынша мемлекеттік кепілдік беру кіреді. Экономикалық әдістермен қатар мемлекет әкімшілік әдістер арқылы реттеу жүргізеді. Әкімшілік әдістер қатарына аграрлық секторды құқықтық қамтамасыз ету, саланы дамытатын бағдарламалар қалыптастыру кіреді. Бағдарлама ауылшаруашылығы өндірісінің дамуын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды, сондай-ақ қаржыландыру мен материалдық қамтамасыз етудің кепілді көздерін қарастырады, бұл орайда оның іске асуы, орындалу мерзімдері мен күтілетін нәтижелер үшін жауапкершілікте болатын мемлекеттік және коммерциялық құрылымдар айқын анықталады [9].

Нарықтық экономикада аграрлық сектор мемлекеттік реттеуді және нарықтық тетіктерді оңтайлы үйлестіруді талап етеді, бұл ауыл шаруашылығында және онымен байланысты салаларда макро және микроэкономикалық үдерістерге мемлекеттік әсер ету тәжірибесін жетілдіруді талап етеді. Аграрлық секторды мемлекеттік реттеу билік органдарының және арнайы мекемелердің сапалы тауарлар шығару, ауылдың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын дамыту, әлеуетін көтеру, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және т.б. үшін стандарттарды, нормативтерді, нұсқаулықтар мен әдістемелерді және ұсыныстарды әзірлеу жолымен жүзеге асырылады. Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеу өз механизмінде аймақтарды дамыту бағдарламасын қамтиды, ветеринария қызметінің, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет пен спорт қызметкерлерін тарту оның маңызды элементі болып табылады. Халық шаруашылығының агроөнеркәсіптік кешені технологиялық және экономикалық өзара байланысты салалардың үйлесімі болып табылады. Оның түпкі мақсаты ауылшаруашылық шикізатынан жасалған тауарлармен халықты қамтамасыз ету, азық-түлік қауіпсіздігі, халықтың өмір сүру жағдайы болып табылады [3, 124 б.].

1.2 АӨК аймақтық аспектілерін мемлекеттік реттеудің шетелдік тәжірибесі

Қазіргі таңда ауылшаруашылығына экономиканың маңызды салаларының бірі ретінде мемлекеттік қолдау жүргізіледі. Бұл бағытта еркін нарықты қалыптастыру, сұраныс пен ұсыныс тепе-теңдігін қалыптастырумен қатар мемлекеттік реттеу басты принциптердің бірі болып табылады.

Мемлекет ірі ауылшаруашылық өнімдеріне ең төменгі бағаны белгілейді және жыл сайын оны қадағалайды. Осылайша, өндірушілер үшін бағалардың күрт төмендеуінің алдын алады. Сонымен бірге, ішкі нарықтар қосымша импорттық баж салығы арқылы арзан импорт пен бағаның шамадан тыс ауытқуына жол берілмейді. Сондықтан ЕО елдерінде азық-түлік бағасы әлемдік нарықтағы бағалардан айтарлықтай жоғары.

Аграрлық саясатты іске асыруға байланысты шығындарды мемлекеттік бюджет көтереді. Агроөнеркәсіп кешенін нарықтық экономикадағы дамуын мемлекеттік реттеу көп бағытты болып келеді. Барлық дамыған елдерде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге мемлекеттік қолдау көрсетіледі.

Мысалы, Германияда, Канадада, АҚШ-та, Францияда мемлекет ауыл шаруашылық өндірісін 42-52 % -ға дейін, Скандинавия елдерінде - 60-80 % -ға дейін инвестициялайды. Жалпы мемлекеттік бюджеттің 1,4 % Ресейде ауыл шаруашылығын қолдауға жұмсалды [10].

Еуропалық Одақ елдерінде ауылшаруашылық өнімдерін мемлекеттік сатып алу жүйесі, азық-түлік өнімдерінің экспорты мен импорты реттеледі, базалық ауылшаруашылық өнімдерін өндіру үшін квота белгіленеді, азық-түлік нарығын тұрақтандыру үшін кепілдік бағалары қолданылады, қайта өңдеу және маркетинг жүйесін қайта құру субсидияланып, инфрақұрылымға қолдау көрсетіледі. ЕО елдеріндегі бюджеттік субсидиялар фермерлер отбасыларының жалпы табысының 50% -дан астамын құрайды [11].

АӨК мемлекеттік реттеу көршілес Ресей Федерациясының қазіргі таңдағы алға қойған басты бағыттарының бірі. РФ АӨК мемлекеттік реттеу «АӨК дамуы» атты ұлттық жоба аясында жүзеге асуда. Жоба бойынша мемлекеттік реттеу екі бағытта жүргізіледі: мемлекеттік қаржылық көмек көрсету және әкімшілік реттеу. Екі бағыттың ішінде мемлекеттік қаржылық көмек көрсетуге қатты назар аударуда. АӨК аймақтық аспектілерін ескере отырып кәсіпкерлерге қаржылық қолдау көрсетіліп, барынша көп өнім өндіруге ынталандыру жұмыстары жүргізіледі.

Ресей Федерациясында агроөнеркәсіптік кешеннің дамуын мемлекеттік реттеу келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

– құқықтық базаны құру, нормативтік құқықтық қамтамасыз ету. Мемлекеттік реттеу монополиялық құрылымдардың теріс әсерін болдырмауға бағытталуы қажет;

– барлық ауыл шаруашылығы нарықтарында бәсекелес ортаны қалыптастыру. Бұл АӨК-нің жалпы кірісін барлық салаларының шығындарына сәйкес пропорционалдылығына ықпал етеді. Бұдан басқа, баға теңсіздігін жою мақсатында энергетика, көлік және байланыс саласындағы кәсіпорындардың қызметін реттеуге мемлекеттің рөлін күшейту үшін құқықтық реттеу жүргізіледі;

– агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың тұрақтылығын қолдау, тауар өндірушілерді нарықтық жағдайларға бейімдеу үшін жағдай жасау. Бұл ретте мемлекеттік реттеудің маңызды функциясы азық-түлік және ауылшаруашылық шикізатына тұрақты сұранысты қамтамасыз ету болып табылады. Мемлекет халықтың негізгі топтарының кірістерін қалыптастыруға әсерін тигізе отырып, ауыл шаруашылық өнімдеріне бағалық жүйені реттеу және мемлекеттік тапсырыстар арқылы тиімді қоғамдық сұранысты қалыптастыруға ықпал етеді;

– тиісті протекционизм саясатын жүргізу, кедендік тарифтер жүйесі, әкелінетін тамақ өнімдеріне салынатын салықтар арқылы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

– шетелдік инвесторлар үшін қолайлы жағдай жасау, агроөнеркәсіптік кешенде бірлескен кәсіпорындар құру, озық технологияларды импорттау кезінде шетелдік кредиторларға мемлекеттік кепілдіктер беру;

– агроөнеркәсіп кешенінің проблемаларына негізделе отырып негізгі бағыттарын қаржыландыру, халықаралық стандарттарға сай келетін жаңа технологияларды құру үшін инвестициялық жобаларды қаржыландыруға қатысу [12].

Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру және тұтыну бойынша әлем елдерінің ішінде АҚШ және Еуропа Одағының мемлекеттері алдыңғы қатарда. Оларға аграрлық сектордың дүниежүзілік экспорт мөлшерінің жартысына жуығы тиесілі. АҚШ аграрлық сектордың дамуын мемлекеттік реттеу барысында ауылдық жерлерде әлеуметтік инфрақұрылымды қалыптастыруға және өндірісті дамытуға қолайлы нарықтық жағдай қалыптастыруды алға қояды. Мемлекеттегі АӨК инвестициялық үрдісті реттеу мемлекеттік бағдарламалар арқылы жүзеге асады. Мемлекеттің ішіндегі сұранысты қалыптастырып, ауылшаруашылық өнімдерінің экспортын реттейді. Мемлекеттік бағдарламалар арқылы реттеу АӨК дамуын жүргізумен қатар, ауылшаруашылық өнімдері және шикізатқа деген төмен бағаны ұстап отыру арқылы мемлекет тұрғындарды әлеуметтік қорғау функциясын атқарады.



6-сурет – АҚШ мемлекетінің АӨК мемлекеттік реттеу түрлері

Ескертпе - Атырау облысы ауыл шаруашылығы басқармасының дерегі негізінде автормен құрастырылған[13].

Жапония мемлекеті агроөнеркәсіптік кешенге мемлекеттік реттеу жүргізу барысында өнімнің көлемі мен мөлшеріне емес сапасына қатты мән береді. Мемлекеттік қолдау тек сапалы өнімдерге ғана жүргізіледі. Мемлекеттік реттеудің басты мақсаты табиғи өнім шығару және аймақтың өзін-өзі қамтамасыз етуі. Жапония мемлекеті аграрлық саланың дамуын мемлекеттік реттеуде өзін-өзі қамту принципінен ұстанады. Яғни, әр аймақ өзін-өзі қамти алатындай аграрлық өнімді шығарып, қанағаттанарлық дәрежеде тұтынуы

кажет. Тек соңғы жылдары ғана Жапония аграрлық саланың өнімдерін экспортқа шығара бастады.

АӨК мемлекеттік реттеу Қытай Халық Республикасында ерекше жүргізіледі. Олардың стратегиялық бағдарламалары ірі масштабты болып келеді, яғни ішкі нарық пен қатар сыртқы нарықты мемлекеттік реттеу де қолға алынған. Сондай-ақ аграрлық саланың өнімінің сапасын арттыруға және бәсекелестікті дамытуға бағытталаған. Қытай АӨК мемлекеттік реттеу үшін келесідей міндеттерді атқарады: тікелей төлемдер және субсидиялар, салық саясаты, нарықтық инфрақұрылымды қалыптастыру, ауылдық инфрақұрылымды дамытуға инвестиция тарту, өнімін өндірушілерге кредит беру, жерді қоғау, ғылыми-зерттеу жұмыстарына қолдау көрсету, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету [14].

Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеу аграрлық нарыққа, өндіріс процесіне, оның құрылымына әр түрлі құралдар арқылы әсер ету болып табылады. Нәтижесінде ауыл шаруашылығының дамуына экономикалық, әлеуметтік, саяси тұрғыдан қолайлы жағдай қалыптастыруға бағытталады. Өндірушілерді жан-жақты қолдау арқылы экономиканың агроөнеркәсіптік кешенін мемлекеттік реттеу ең дамыған елдердің аграрлық саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады. Сонымен бірге агроөнеркәсіптік кешеннің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету және ауылдық жерлерде тиімді әлеуметтік және өндірістік инфрақұрылымды қалыптастыру үшін қолайлы жағдай туғызатын көптеген экономикалық әдістер (бюджеттен төлемдер, өндіріс шығындарын өтеу, бағалық қолдау, өндірістік құрылымды жақсарту үшін субсидиялар, әртүрлі бағдарламаларды әзірлеу және енгізу) қолданылады. Азық-түлік нарығында баға белгілеу үдерістеріне мемлекеттің араласуын қолдау үшін және агроөнеркәсіптік кешенді одан әрі дамыту үшін дамыған елдердің тәжірибесі Қазақстан үшін өте пайдалы. Әр мемлекет өзінің экономикалық даму дәрежесіне қарай аграрлық саясат жүргізеді. Соңғы жылдары аграрлық саясаттың басым бағыттарының барлығы мемлекеттік реттеуге және мемлекеттік қолдау жүргізуге байланысты іс-шаралар жиынтығы болып табылады. Агроөнеркәсіптік кешен күрделі экономикалық құрылым болғандықтан, ұлттық және шетелдік тәжірибе аграрлық саланы кешенді түрде мемлекеттік реттеудің қажеттілігін айқындайды.

Зерттеу әдістері.

Диссертация Атырау облысының агроөнеркәсіптік кешенін (АӨК) талдауға арналған және оны дамытуды мемлекеттік реттеуді жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеуге бағытталған. Зерттеу агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеудің теориялық аспектілерін зерттеуді, аймақтың агроөнеркәсіптік кешенінің ағымдағы жағдайы мен мәселелерін талдауды, сондай-ақ агроөнеркәсіптік кешендегі шетелдік тәжірибені бағалауды қамтитын кешенді тәсілге негізделген. бұл аймақ.

Мәліметтерді жинау және талдау әдістері

Зерттеудің мақсатына жету үшін деректерді жинау және талдаудың келесі әдістері қолданылды:

– Әдебиеттерді талдау: Агроөнеркәсіп кешенін дамыту және агроөнеркәсіп кешенін мемлекеттік реттеу мәселелеріне арналған теориялық зерттеулерді, мақалаларды, ғылыми еңбектерді зерделеу және жүйелеу.

– SWOT талдау: Атырау облысының агроөнеркәсіп кешенінің күшті және әлсіз жақтарын анықтау, оның даму мүмкіндіктері мен қауіптерін анықтау.

– Салыстырмалы талдау: Атырау облысында бейімдеу және қолдану үшін қолайлы тиімді тәжірибелерді анықтау үшін агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеудің шетелдік тәжірибесін зерттеу және салыстыру.

– Статистикалық талдау: Агроөнеркәсіптік кешеннің ағымдағы жағдайын бағалау, саланың даму динамикасын, еңбек өнімділігін және өндіріс көлемін талдау үшін ресми статистикалық мәліметтерді пайдалану.

Зерттеудің теориялық негізі

Зерттеудің теориялық негізі ретінде экономиканы мемлекеттік реттеудің тұжырымдамалары мен теориялары, тұрақты даму теориялары, сондай-ақ агроөнеркәсіптік кешенді басқару мен дамытудың үлгілері мен тәсілдері пайдаланылды. Негізгі аспектілер агроөнеркәсіп кешеніне мемлекеттік ықпал ету тетіктерін талдауды, мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі рөлін, ауыл шаруашылығы өндірісін ынталандыру әдістерін және аграрлық секторға инвестицияны қамтиды.

Зерттеудің эмпирикалық негізі

Тәжірибелік базаға Атырау облысының мемлекеттік органдарының ресми статистикасы, есептері мен материалдары, сондай-ақ өңірдің агроөнеркәсіптік секторындағы негізгі мүдделі тараптармен жүргізілген сұхбаттар мен сауалнамалардың нәтижелері кірді. Эмпирикалық деректерді пайдалану агроөнеркәсіптік кешеннің ағымдағы жай-күйіне терең талдау жүргізуге, оның дамуының негізгі тенденциялары мен мәселелерін анықтауға, сондай-ақ қолданылатын мемлекеттік реттеу шараларының тиімділігін бағалауға мүмкіндік берді.

Зерттеу принциптері

Зерттеу келесі принциптерге негізделген:

– Объективтілік: Агроөнеркәсіп кешенінің барлық аспектілерін объективті талдауға ұмтылу, деректерге субъективті баға беруден аулақ болу.

– Жүйелілігі: Агроөнеркәсіп кешенін біртұтас жүйе ретінде қарастыру, оның құрамдас бөліктері арасындағы байланыстар мен өзара тәуелділіктерді талдау.

– Тұтастық: Агроөнеркәсіп кешенінің дамуына әсер ететін барлық факторларды, оның ішінде экономикалық, әлеуметтік, технологиялық және экологиялық аспектілерді есепке алу.

– Практикалық маңыздылығы: Атырау облысының агроөнеркәсіп кешенін дамытуға ықпал ете алатын нақты ұсыныстарды әзірлеуге бағыт-бағдар беру.

Зерттеу кезеңдері

Зерттеу бірнеше кезеңде жүзеге асырылды:

– Дайындық кезеңі: Зерттеудің мақсаты мен міндеттерін анықтау, әдістемелік базаны қалыптастыру, мәліметтерді жинау және талдау әдістерін таңдау.

– Теориялық кезең: Диссертация тақырыбы бойынша ғылыми әдебиеттерді зерделеу және талдау, зерттеудің теориялық негізін қалыптастыру.

– Эмпирикалық кезең: Атырау облысының агроөнеркәсіп кешенінің жай-күйі мен дамуы туралы бастапқы және қосалқы мәліметтерді жинау, SWOT талдау, салыстырмалы талдау және статистикалық талдау жүргізу.

– Талдау кезеңі: Жиналған мәліметтерді өңдеу және талдау, агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың негізгі проблемалары мен тенденцияларын анықтау, шетелдік тәжірибемен салыстыру.

– Қорытынды кезең: Атырау облысының агроөнеркәсіптік кешенін мемлекеттік реттеуді жетілдіру бойынша қорытындылар жасау және ұсыныстар әзірлеу.

Нәтижелерді тексеру әдістері

Зерттеу нәтижелерінің сенімділігін қамтамасыз ету үшін триангуляция әдістері, оның ішінде әртүрлі әдістер мен көздер арқылы алынған деректерді салыстыру және тексеру, сондай-ақ зерттеу нәтижелерін сараптамалық бағалау қолданылды.

Осы зерттеу әдістемесінің нәтижесінде Атырау облысының агроөнеркәсіп кешеніне кешенді талдау жүргізіліп, агроөнеркәсіп кешенін мемлекеттік реттеуді жетілдіру мен дамытудың негізгі бағыттарын анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеу барысында анықталған проблемалар мен міндеттер өңірдегі ауыл шаруашылығын дамытудың тиімділігі мен тұрақтылығын арттыруға көмектесетін мақсатты ұсыныстарды әзірлеуге негіз болды.

Зерттеу нәтижелерін тәжірибеде қолдану

Зерттеу барысында алынған нәтижелер және олардың негізінде әзірленген ұсынымдар Атырау облысының мемлекеттік органдарына аграрлық саясатты қалыптастыру және іске асыру процесінде пайдалануға арналған. Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың ұзақ мерзімді стратегиялық бағдарламаларын жоспарлау кезінде, сондай-ақ агроөнеркәсіп кешеніндегі ағымдағы іс-шаралар мен жобаларды түзету кезінде әзірленген ұсыныстарды пайдалану мүмкіндігіне ерекше назар аударылады.

Зерттеудің шектеулері

Зерттеуді жүргізу кезінде статистикалық мәліметтердің болуына, сыртқы экономикалық ортаның құбылмалылығына және облыстың агроөнеркәсіптік секторының ерекшеліктеріне байланысты белгілі бір шектеулер туындағанын атап өткен жөн. Осыған байланысты зерттеу нәтижелері мен әзірленген ұсыныстар елдегі және әлемдегі экономикалық, әлеуметтік және саяси жағдайдағы ықтимал өзгерістерді ескере отырып қарастырылуы керек.

Әрі қарайғы зерттеулердің перспективалары

Диссертациялық жұмыс агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеу саласындағы одан әрі зерттеуге, оның ішінде халықаралық сауда қатынастарының агроөнеркәсіптік кешенге әсерін неғұрлым егжей-тегжейлі

зерттеуге, инновациялық технологияларды енгізу тиімділігіне талдау жасауға мүмкіндік береді. ауыл шаруашылығы, сондай-ақ аграрлық саясаттың өңірлік дамуға әлеуметтік-экономикалық әсерін бағалау әдістерін әзірлеу.

Зерттеудің әдістемесі бөлімін қорытындылай келе, қолданбалы кешенді тәсіл мен әртүрлі талдау әдістерін қолдану Атырау облысының агроөнеркәсіптік кешенінің даму ерекшеліктері мен мәселелерін терең түсінуге және ұсыныстарды алуға мүмкіндік бергені атап өтіледі. зерттеу негізінде әзірленген тиімді аймақтық аграрлық саясатты қалыптастыруға негіз бола алады.

2 Негізгі көрсеткіштерді басым бағыттарын айқындау

2.1 Атырау облысының агроөнеркәсіптік кешенінің қазіргі жағдайын талдау

Ауыл шаруашылығы экономиканың негізгі салаларының бірі, қоғамның экономикалық және қоғамдық саяси тұрақтылықты айқындайтын факторы болып табылады.

Атырау облысының (7-сурет) жер қоры 11 млн. 863 мың гектарды құрайды. 2022 жылдың жер балансы есебіне сәйкес Атырау облысы бойынша барлығы 8 806,6 мың гектар жайылым, оның: 3 030,7 мың гектар ауыл шаруашылығы қолданысындағы қорынан, 5 775,9 мың гектар босалқы жер қорынан. Босалқы жер қорындағы 7 393,2 мың гектардың 5 775,9 мың гектары жайылым жер болып табылады [26]. 2022 жылдың қорытындысы бойынша облыс көлемінде 206,2 мың гектарды құрайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы 185 жер учаскелері мемлекетке қайтарылды (оның ішінде: 190,7 мың га жайлым, 140 га шабындық, қалған 15,4 мың га өзге де жерлер санаты болып саналады).



7-сурет – Атырау облысы

Ескертпе - Атырау облысы әкімдігі дерегі негізінде автормен құрастырылған [14].

2023 жылдың соңына дейін пайдаланылмай жатқан және Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып берілген 210 мың гектар жерлерді мемлекет меншігіне қайтару туралы қала және аудандар бөлінісіндегі жоспар бекітілді.

Облыста 22 ауыл шаруашылығы кооперативтері бар, онда 123 адам жұмыс жасайды, оның ішінде «Ауыл аманаты» жобасы аясында 2023 жылы 50 мүшесі бар 9 кооператив құрылды (Кесте 1). Қазіргі таңда бизнесті бастау үшін несиеге қажетті құжаттары дайындауда.

Кесте 1 - «Ауыл аманаты» жобасы аясында құрылған кооперативтер

Бағыты	Кооператив атауы
Балық шаруашылығы	«СПК PARASSAT AND PARTNERS»
	«KIGACH FISH»
Мал шаруашылығы	«КРЕСТЬЯНСКИЙ ДВОР»
	«NUR 962»
	«ZHANYMSAYA»
	«Бірлік БТБ»
	«Амир Топе»
	«Бәйтерек»
«Хамза»	

Ескертпе - кесте Атырау облысының ауыл шаруашылығы басқармасының дереккөздер негізінде, автормен құрастырылды [23].

Аталған кооперативтер мал және балық шаруашылығы бағытында дамуды көздеп отыр. Атап айтсақ, мал сатып алып, мал сою және ет өнімдерін өңдеу цехын ашу, сүт өнімдерінен қымыз, сүт, ірімшік, қаймақ және құрт дайындау, балық өсіру және өңдеу кәсібімен айналысу жоспарлауда.

Кооперативтермен шығарылған өнімдерді аудан, округ орталықтарындағы сауда базарларында, жәрменкелерге шығаруға және Атырау қаласындағы «Сарайшық» коммуналдық базары, «Дина» сауда орталықтарында сату үшін орынжайлар алуға мүмкіндіктері бар. Бұл бағытта сату орынжайларының иелерімен меморандумдар жасақталған.

Сүт бағытын дамытуға Махамбет және Қызылқоға аудандары қолайлы. Атап айтсақ, Индустрияландыру картасы аясында 2013 жылы Махамбет ауданы Бейбарыс ауылында «Первомайский» ЖШС-нің 1000 басқа арналған тауарлы-сүт фермасы пайдалануға берілді. Кәсіпорынның қуаттылығы тәулігіне 12 тоннаға дейін сүт өңдеп, 10 тоннаға дейін дайын сүт өнімдерін шығаруға мүмкіндік береді (жылына 3000 тонна сүт, 2500 тонна сүт өнімдері). Қазіргі таңда кәсіпорын өз өнімдерін «АМӨЗ» ЖШС-не 2 тонна, базарлар арқылы жеке кәсіпкерлерге 7 тонна күніне өткізуде.

Махамбет ауданында 5508 үй шаруашылық бар, соның есебінде 5089 бас сиыр бар, олардың жалпы сүті жылына 7661 тонна құрайды. Сүтті аудан халқының тұтыну көлемі жылына небәрі 1313 тоннаға жетті [25].

Сонымен қатар, Қызылқоға ауданы Ойыл ауылдық округінде, асыл тұқымды мал шаруашылығымен айналысатын «Құрман» шаруа қожалығының қолда бар тәжірибесіне сүйене отырып, ауданның жеке қосалқы шаруашылықтарымен бірігу арқылы кооператив құру көзделуде.

Қазіргі таңда Қызылқоға ауданында 5605 жеке шаруашылықтар бар, оларда 11 422 бас сиыр, жылына 10 551 тонна сүт сауып отыр. Аудан бойынша халықтың тұтыну көлемі жылына небәрі 1382 тоннаны құрайды. Шаруашылық 15 адамды жұмыспен қамтып отыр. Иелігінде 6850 гектар жер, 8 дана ауыл шаруашылық техникасы, 1931 бас ұсақ малы және 910 бас мүйізді ірі қара малы бар, оның ішінде 153 бас мал асыл тұқымды. Биылғы жылы тәулігіне 1 тонна

сүт өнімдерін өңдеу цехын іске қосты. Сонымен қатар, алдағы уақытта 200 басқа арналған бордақылау алаңын салу жоспарлауда [26].

Облыс бойынша халықтың пастерленген сүтпен тұтыну көлемі жылына 31561 тоннаны құрайды. Қазіргі таңда, шаруашылықтардың барлық санаттарымен облыс бойынша биылғы жылдың сәйкес кезеңіне 67 883 тонна сүт өндірілгенімен, алайда, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік санатына жататын пастерленген сүттің облыс бойынша өңдеу көлемі небәрі 3 000 тонна және сүт өнімдерінің көлемі 2 500 тонна.

Махамбет және Қызылқоға аудандарындағы жеке шаруа қожалықтарымен сауылған сүттерді «Первомайский» ЖШС-не және «Құрман» шаруа қожалығына апарып өткізу және өткізілген сүттерден пастерленген сүтті өндіру әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағаларының төмендеуіне септігін тигізеді.

Қазіргі таңда, несие алушы тұрғындардың көпшілігі мал шаруашылығы бағытында несие алуда. Сонымен қатар, алдағы уақытта мал бағытына несие алған тұрғындар бірігіп, сүт және ет өнімдерін өңдеу бойынша кооперативтер құруға қызығушылық танытуларыосыған бағытталады.

«Ауыл аманаты» жобасы аясында ағымдағы жылы Махамбет және Қызылқоға аудандарында 11 шаруа қожалықтарыне сие алып, барлығы 200 ірі қара мал сатып алды. Осыған орай, алдағы уақытта аталған екі ауданның мамандануы осы сүт бағытында жүргізілетін болады.


Ұлттық статистика бюросының ақпаратына сәйкес, 2022 жылдың қорытындысы бойынша Атырау облысында ауыл, орман және балық шаруашылығы саласында 133,4 млрд. теңгеге өнім өндіріліп, нақты көлем индексі 1,8%-ға артып отыр. Оның ішінде: мал шаруашылығында – 80,6 млрд. теңге, егін шаруашылығында – 49,9 млрд. теңге [25].

Бұл ретте, ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндіріс көлемінің өсуі, тірі салмақтағы мал мен құстың сойылған көлемі 3,1%-ға өсті.

2022 жылдың 9 айында ауыл, орман және балық шаруашылығы саласының еңбек өнімділігі бір жұмыскерге шаққанда 8 450,1 мың теңгені құрап, нақты көлем индексі 101,5% құрады.

2010 жылдан 2021 жылға дейінгі кезеңдегі Атырау облысының әртүрлі өңірлеріндегі ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы төмендегі суретте келтірілген.

Ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерін (қызметтерін) жыл бойынша барлық санаттар бойынша жалпы шығару, қолданыстағы бағамен, млн. тг



8-сурет – Ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерін (қызметтерін) жыл бойынша барлық санаттар бойынша жалпы шығару, қолданыстағы бағамен, млн.тг

Ескертпе - Ұлттық статистика бюросының мәліметтері негізінде, диаграмма автормен жасалды [23].

Мына деректерді талдап көрейік:

– Жалпы өнімнің өсімі: Барлық өңірлерде талданатын кезеңде жалпы өнім өсімінің оң динамикасы байқалады. Бұл осы салалардағы экономикалық секторлардың дамуын көрсетуі мүмкін.

– Атырау қ.ә.: Аудан жалпы өнім көлемін 2010 жылғы 5 817,8 миллион теңгеден 2021 жылы 21 004,8 миллион теңгеге дейін үш еседен астам өсім көрсетті. Секіру әсіресе 2020 жылдан кейін байқалады, бұл жаңа өндіріс орындарының іске қосылуын немесе жұмыс істеп тұрғандардың тиімділігін арттыруды көрсетуі мүмкін.

– Жылыой: Бұл өңірдегі жалпы өнім де 2010 жылғы 2 419,1 миллион теңгеден 2021 жылы 9 922,8 миллион теңгеге дейін тұрақты өскенін көрсетті. Бұл жерде Атырау қ.ә. сияқты күрт секірулер жоқ, бұл саланың біркелкі дамуын көрсетуі мүмкін.

– Индер: Индер ауданы жалпы өнім көлемінің 2010 жылы 3 520,9 миллион теңгеден 2021 жылы 14 243,0 миллион теңгеге дейін тұрақты өсуін көрсетті, бұл өте маңызды өсім.

– Исатай: Бұл ауданда талданып отырған кезеңде жалпы өнім көлемі төрт еседен астам, яғни 2112,0 млн.теңгеден 8825,1 млн.теңгеге дейін өскен.


– Құрманғазы және Қызылқоға: Екі аудан да айтарлықтай өсім көрсетті, 2010 жылы 5 920,6 және 4 345,0 млн теңгеден 2021 жылы сәйкесінше 20 677,9 және 19 516,5 млн теңгеге дейін өсті. Бұл өндіріс қуатының айтарлықтай артқанын немесе жаңа технологиялардың сәтті енгізілгенін көрсетуі мүмкін.

– Мақат: Ұсынылғандардың ішінде жалпы өнімді Мақат ауданы ең төмен көрсетсе де, 2010 жылғы 552,5 миллион теңгеден 2021 жылы 1 378,3 миллион теңгеге артуы да оң үрдісті көрсетеді.

– Махамбет: Мұнда да 2010 жылғы 3 690,8 миллион теңгеден 2021 жылы 19 647,7 миллион теңгеге дейін айтарлықтай өсім байқалады, бұл экономиканың осы салаларындағы қызметтің кеңеюінің нәтижесі болуы мүмкін.

Бұл мәліметтер аграрлық секторға салынған инвестициялардың тиімділігін бағалау, жекелеген аймақтардың өсу әлеуетін бағалау, сондай-ақ болашақ инвестицияларды жоспарлау және өңірлік даму бағдарламаларын әзірлеу үшін пайдаланылуы мүмкін.

Төмендегі суретте Атырау облысының аудандары бойынша 2010-2021 жылдар аралығындағы өсімдік шаруашылығының жалпы өнімі бойынша миллион теңгемен көрсетілген ақпарат берілген.



9-сурет – Өсімдік шаруашылығының жалпы өнімі, ағымдағы бағамен, млн.теңге

Ескертпе - Ұлттық статистика бюросының мәліметтері негізінде, диаграмма автормен жасалды [23].

Мұнда деректерді талдау:

– «Атырау қ.ә.» ауданы: Бұл облыста 2010 жылы 4 735,4 миллион теңгеден басталып, 2021 жылы 14 577,7 миллион теңгеге жеткен жалпы өнім көлемі тұрақты өсуде. 2020-2021 жылдар аралығындағы күрт өсу әсіресе байқалады, бұл ауыл шаруашылығы саласына жаңа технологиялардың сәтті енгізілгенін немесе егістік алқаптарының кеңеюін көрсетуі мүмкін.

– Жылыой ауданы: Жалпы өнім көлемі де 2010 жылғы 400,5 млн.теңгеден 2021 жылы 1700,3 млн.теңгеге дейін Атырау қ.ә. сияқты

айтарлықтай болмаса да өсті. Бұл аудандағы өнеркәсіптің біршама қалыпты өскенін көрсетеді.

– Индер ауданы: Мұнда жалпы өнім көлемінің 2010 жылғы 1 544,9 миллион теңгеден 2021 жылы 5 266,9 миллион теңгеге дейін тұрақты өсімі байқалады, бұл өсімдік шаруашылығының дамуы мен инновациялардың енгізілгенін көрсетуі мүмкін.

– Исатай ауданы: Бұл ауданда жалпы өнім көлемі 2020 жылға дейін өсуді көрсетеді, одан кейін 2021 жылға қарай 1 700,4 миллион теңгеден 1 634,8 миллион теңгеге дейін аздап төмендеу байқалады. Бұл нәтиже әртүрлі факторларға, соның ішінде климаттық жағдайларға немесе өзгеретін нарықтық үрдістерге байланысты болуы мүмкін.

– Құрманғазы ауданы: Бұл өңірде жалпы өнім көлемі тұрақты өсіп, 2010 жылы бастапқы 1 858,6 миллион теңгеден 2021 жылы 5 023,8 миллион теңгеге жетіп, ауыл шаруашылығы саласының тұрақты дамуын көрсетеді.

– Қызылқоға ауданы: Онжылдықтың басындағы өнім көлемі айтарлықтай өскеннен кейін 2021 жылы 3858,4 млн.теңгеге дейін бірқалыпты өсу байқалады.


– Мақат ауданы: Басқа аудандармен салыстырғанда жалпы өнімнің абсолютті көрсеткіштерінің төмендігіне қарамастан, Мақат 2010 жылғы 45,4 млн.теңгеден 2021 жылы 192,0 млн.теңгеге дейін өсіп, оң динамикаға ие.

– Махамбет ауданы: 2020 жылы айтарлықтай өсіммен өнім шығарудың жалпы өсімі байқалады. 2021 жылы жалпы өнім көлемі 11 039,4 миллион теңгеден 9 987,9 миллион теңгеге дейін аздап төмендеді.

Осы деректерге сүйене отырып, аталған өңірлердің агроөнеркәсіптік секторы қарастырылып отырған кезеңде серпінді дамып, көп жағдайда оң өсім көрсетті деп болжауға болады. Мерзімді ауытқулар табиғи экономикалық циклдарды, ауыл шаруашылығы саясатындағы өзгерістерді, сыртқы нарық конъюнктурасын немесе климаттық әсерлерді көрсетуі мүмкін.

Төмендегі суретте Атырау облысының аудандары бойынша 2010-2021 жылдар аралығындағы жалпы мал шаруашылығы өнімі миллион теңгемен көрсетілген.

Мал шаруашылығының жалпы өнімі, млн.теңге



10-сурет – Өсімдік шаруашылығының жалпы өнімі, ағымдағы бағамен, млн.теңге

Ескертпе - Сурет дереккөздер негізінде Ұлттық статистика бюросының мәліметтері негізінде, диаграмма автормен жасалды [23].

Мына деректерді талдап көрейік:

– Жалпы өсім: Барлық аудандар қаралып отырған кезеңде мал шаруашылығының жалпы өнімін арттырудың жалпы тенденциясын көрсетеді.

– Атырау ауданы: Мұнда жалпы өнім көлемі 2010 жылғы 1 063,2 миллион теңгеден 2021 жылы 4 732,5 миллион теңгеге дейін төрт еседен астам өсу байқалады. Әсіресе үлкен өсім 2020 және 2021 жылдар аралығында болды.

– Жылыой ауданы: Осы кезеңде жалпы өнім төрт еседен астам өсіп, 1 986,2 миллион теңгеден 8 131,5 миллион теңгеге жетті.

– Индер ауданы: Сондай-ақ 1 936,7 миллион теңгеден 8 973 миллион теңгеге дейін тұрақты өсуді көрсетеді.

– Исатай ауданы: Мұндағы жалпы өнім 2010-2021 жылдар аралығында төрт еседен астам өсті.

– Құрманғазы ауданы: 2021 жылы мал шаруашылығының жалпы өнімі 15 086,9 млн теңгені құрады, бұл барлық аудандар арасындағы ең жоғары көрсеткіштердің бірі.

– Қызылқоға ауданы: Барлық аудандар арасында жалпы өнім көлемінің ең көп өсімі осында байқалады, 4046,9 млн.теңгеден 15642,4 млн.теңгеге дейін өсті.

– Мақат ауданы: Мұндағы жалпы өнім басқа аудандармен салыстырғанда аз болғанымен, ол да 506,1 миллион теңгеден 1 186,3 миллион теңгеге өскенін көрсетеді.

– Махамбет ауданы: Жалпы өнім 2058,7 млн теңгеден 9171 млн теңгеге өсті.

Бұл деректер Атырау облысының аудандарында мал шаруашылығының кеңейіп, қарқын алғанын көрсетеді. Бұл өсім бірқатар факторларға, соның ішінде мал шаруашылығына заманауи технологияларды енгізуге, жемшөп сапасын жақсартуға, мал өнімділігін арттыруға, сондай-ақ салаға мемлекеттік қолдау көрсетуге байланысты болуы мүмкін.

2.2 Атырау облысының агроөнеркәсіптік кешенінің мал және құс еті бағыты

Мал және құс еті бағытын дамытуға Жылыой, Қызылқоға, Құрманғазы және Махамбет аудандарының жерлері қолайлы. Облыс бойынша барлығы 981 096 мал басы және 92 384 құс басы тіркелген. Ірі қара мал – 211 911 бас, қой мен ешкі – 616 388 бас, жылқы – 115 180 бас, түйе – 37 617 бас.

Қазіргі таңда, облыс бойынша халықтың мал және құс етіне тұтыну көлемі жылына 25248,7 тоннаны құрайды. Шаруашылықтардың барлық санаттарымен облыс бойынша биылғы жылы 26 280 тонна мал және құс еті өндірілді. Алайда, ет өнімдерін қайта өңдеу және консервілеу көлемі тамақ өнімдерін өндірудегі жалпы үлесі небәрі 4 пайызды құрайды.

Сол себепті, жеке шаруа қожалықтарымен алынған мал және құс еттерін Атырау қаласында орналасқан «Асыл Агро» шаруа қожалығы және «Карат» мекемесіне апарып өткізіледі. Өткізілген ет өнімдерінен шұжық және консервілердің түрлері өндіріліп, бұл өз кезегінде мал және құс еттерінен алынған өнімдері бағаларының төмендеуіне әкеледі.

«Достан Ата» шаруа қожалығының қолда бар тәжірибесіне сүйене отырып, Жылыой ауданның ірі шаруа қожалықтарымен бірігу арқылы кооператив құру көзделуде.

Шаруашылық Жылыой ауданы, Қара арна ауылдық округінде мал басын асылдандыру, ет өнімдерін өңдеу бағыты бойынша айналысып, 25 адамды жұмыспен қамтып отыр. Биылғы жылы консервілеу цехын, мал сою пунктын іске қосты. Иелігінде 56 440 гектар жер, 22 дана ауыл шаруашылық техникасы, 4 617 бас ұсақ малы және 853 бас мүйізді ірі қара, 916 бас жылқы және 288 бас түйе малы бар, оның ішінде 5803 бас мал асыл тұқымды.

Бүгінгі таңда Атырау облысында құс етін өндіретін кәсіпорын жоқ. Сол себепті, Махамбет ауданының Бейбарыс селолық округінде жобалық қуаттылығы жылына 5000 тонна бройлер бағытындағы құс етін шығаратын «Atyrau Chicken» фабрикасы салынууда. 2024 жылы іске қосуды жоспарлап отырмыз. Алдағы уақытта аталған шаруашылық базасында жеке қосалқы шаруашылықтарды біріктіреміз.

Осы бағытта аталған фабрикаға құс етін тапсыру үшін, ауданда Жамбыл облысының тәжірибесі бойынша «Есо-Chicken» кооперативінің шағын құс фермасы түріндегі пакеттік шешім ұсынылды. Аудан тұрғындары аталған жобаға қызығушылық танытуда.

Бағдарлама шеңберінде сүтті бағыттағы ірі қара мал саны 1,5 мың басқа өсіп, сүт белдеуі қалыптасуына ықпал ету көзделіп, бүгінгі күнге 1 мың бастан

астам сүтті мал сатып алуға өтініштер түсіп алынуда. Әр ауылдық округте ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативтері құрылады. Алдағы уақытта 5 мал бордақылау алаңдары салынып, ұсақ мал етінің экспорты жолға қойылады.

50 қосалқы шаруашылық құс шаруашылығымен айналысады. Мал шаруашылығы үшін мал азығы қоры құрылады. Ауыл халқын көкөніспен қамтылу қажеттілігі мәселесі шешілетін болады. Сонымен қатар, шағын кәсіпкерлік нысандары ашылады. Осы аталған жұмыстардың нәтижесінде кем дегенде 743 жаңа жұмыс орындары ашылады.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес, облыста 2023 жылдың 1 қаңтардағы жағдайы бойынша 3439 шаруа қожалықтары жұмыс жасайды. Облыс бойынша «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру» базасында бүгінгі жағдайы бойынша, барлығы 941 079 мал басы тіркелген (2021 жылы – 914 191 мал басы). Оның ішінде [25]:

- ірі қара мал: 198 807 бас, 2021 жылмен салыстырғанда 4,3%-ға өсті;
- қой мен ешкі: 597 032 бас, 2021 жылмен салыстырғанда 1,4%-ға өсті;
- жылқы: 109 192 бас, 2021 жылмен салыстырғанда 8,6%-ға өсті.
- түйе: 36 048 бас, 2021 жылмен салыстырғанда 4,9%-ға өсті.

2022 жылы мал мен құстың барлық түрлерін тірідей салмақта шаруашылықта сойылғаны немесе союға өткізілгені 59 261,9 тоннаны құрады, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 3,1%-ға өсті. Сүт өндірісі өткен жылмен салыстырғанда 70 847,2 тоннаны құрап 3,6%-ға өсті (Кесте 2).

Кесте 2 - Атырау облысының шаруа қожалықтарында тіркелген мал-құс көрсеткіштері

Көрсеткіш	2023 жылдың 1 қаңтарында	2021 жылмен салыстырғанда	Өзгеріс (%)
Шаруа қожалықтарының саны	3 439		
Мал басының жалпы саны	941 079	914 191	-
Ірі-қара мал	198 807	190 800	+4.3
Қой мен ешкі	597 032	588 957	+1.4
Жылқылар	109 192	100 536	+8.6
Түйелер	36 048	34 355	+4.9
Сойылған мал мен құстың тірі салмағы	59 261,9 тонна	57 432,7 тонна	+3.1
Сүт өндіру	70 847,2 тонна	68 383,7 тонна	+3.6

Ескертпе - Кесте Ұлттық статистика бюросының мәліметтері негізінде автормен жасалды [23].

Атырау облысын 2022-2023 жылғы қысқы мезгілге мал азығымен толық қамтамасыз ету үшін мал санына қарай 553 130 тонна шөп және 41 000 тонна жем қажет. Күні бүгінге шөп 566 900 тонна яғни, жоспардың 102,5%-ы және жем 39,6 мың тонна яғни, жоспардың 96,0%-ы орындалды.

Десекте, өткен жылы орын алған қуаңшылық салдарынан кейін, биыл шаруа қожалықтарға мемлекет тарапынан бірқатар көмектер көрсетілді және жалғасын табуда.

Атап айтатын болсақ:

1. Бірінші – мал шаруашылығын дамыту мақсатында субсидиялауға 2 833,7 млн. теңге бөлінді. Оның ішінде: ауыл шаруашылығы жануарларының аналық мал басы азығының құнын арзандатуға 1 867,5 млн. теңге қарастырылған. Қалғаны - етті және етті-сүтті мал шаруашылығына 367,8 млн.теңге, қой шаруашылығына селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу үшін 186,8 мың теңге, жұмыртқа-құс шаруашылығына 37,6 мың теңге және резервке 2021 жылы түскен өтінімге қаражат жетіспегендіктен резервке 258,6 млн.теңге қарастырылған. Мал азығына субсидиялау көлемі 2021 жылмен салыстырғанда (2021 жылы – 1 425,3 млн.теңге) 2 есеге өсіп отыр. Сәйкесінше, мал азығына субсидия алушылар саны (2021 жылы – 468 субъект) 1,2 есеге арта түсті. Бүгінгі таңда, 2 833,7 млн. теңгеге 505 агроөнеркәсіп кешенінің субъектісі субсидияланды (2021 жылы 963,8 млн.теңге 465 субъект). Оның ішінде 1 867,5 млн. теңгесі мал азығы кеткен шығынын өтеуге 505 субъектіге субсидия берілді. Ауыл шаруашылығы бағытындағы субсидиялар бойынша облыс әкімдігімен құрылған жүрмелі жұмыс тобымен 2022 барлық қала және аудандардың шаруа қожалықтарына түсіндірілді.

2. Екінші – биыл облысты мал азығымен қамтамасыз ету және өзге өңірлерден жайылымдық жерлерді шабу мақсатында, Батыс Қазақстан, Ақтөбе облысынан әкімдерімен меморандумға отырып, Атырау облысының шаруашылықтары үшін келісім бойынша арнайы шабындыққа тегін жер бөлінді. Бұл ретте, бөлінген жерден шабуға ниет білдіруші шаруагерлер арасынан тізімін жасақтау жұмыстары жүргізілген болатын.

Облысты мал азығымен қамтамасыз ету мәселелерін алдын-алу, сондай-ақ, мемлекеттік қолдауларды дер кезінде ұйымдастыру жұмыстары жалғасын табатын болады.

2.3 Атырау облысының агроөнеркәсіптік кешенінің балық және өсімдік бағыты

Атырау облысы бойынша 19 кәсіпорын кәсіптік балық аулаумен және 4 шаруашылық тауарлы балық өсірумен айналысады. Оларда 4 мыңға жуық адам жұмыс жасайды (650 тұрақты, 3 220 маусымдық). 2022 жылы 14 323 тонна балық ауланды және 281 тонна тауарлы балық өсірілді. Облыс бойынша 7 570 тонна балық пен оның өнімдері Ресей, Украина, Әзірбайжан, Израиль, Грузия, Германия, Польша елдеріне экспортталды [25].

Өңірде балық шаруашылығы қарқынды дамуда. Оған Каспий теңізі, Жайық және Қиғаш өзендері өте қолайлы. Осыған орай, Құрманғазы және Исатай аудандары бағытталған.

2024 жылы Құрманғазы ауданында «СевКаспийФиш» компаниясының жаңғыртылу жүргізіліп жатқан Шортанбай балық өңдеу зауытының «Якорлық» жобасы төңірегінде «Ауыл аманаты» қатысушыларының ынтымақтастығын келесі схема бойынша пайдалану жоспарлануда. 2024 жылы Шортанбай балық

өңдеу зауытын жаңғырту жұмыстары басталып, оның ішінде түтін цехы, филе цехы, консерві цехы, уылдырық цехын қайта құру, жаңаларын салу және толық қайта құру жұмыстары жүргізілгенін атап өткен жөн. Мұздатқыш камералар мен тоназытқыш камераларының саны мен сыйымдылығы, балық қабылдауға арналған пирстерді кеңейту және мұз генераторы қондырғыларын орнату және оларды жыл бойы сақтау. Зауыттың қуаттылығы жылына 5852 тонна өнім, 395 тұрақты жұмыс орнын құру жоспарлануда.

Құрманғазы ауданында 6 табиғат пайдаланушы жұмыс істеуде. Қатысушылар шағын балық аулау бөлімшелеріне біріктіріледі, олар тұтынушылардың квотасы бойынша балықты аулау, сұрыптау және мұздату үшін 2-ші буын кәсіпорындарына немесе тікелей 1-ші буын балық өңдеу зауытына өңдеу үшін жеткізеді. Бұл ретте, 2-ші және 1-ші деңгейлі кәсіпорындардың берік келісім-шарттары және белгіленген тұтынушылар тізбегі бар екенін ескере отырып, жобаға қатысушыларға сатудың кепілді көлемі ұсынылады.

Сонымен қатар, алдағы уақытта Шортанбай балық зауыты көршілес Құрманғазы ауданы Көптоғай ауылдық округінде жүзеге асырылатын «Балық өсіруге арналған аквамәдениет орталығы» жобасына қосылмақ.

Сондай-ақ Құрманғазы және Исатай аудандарында балық өсіретін тоған шаруашылығын дамыту көзделуде. Акваөсіру орталығының жобалық көрсеткіштері: барлығы 1100 тонна тауарлық балық (бекіре 100 тонна, күміс құты – 400 тонна, амур – 50 тонна, сазан – 550 тонна).

Облыста 2023 жылы 10291 гектраға егін егіліп, 199919 тонна өнім алынды. Оның ішінде: көкөністер – 102 100 тонна: қырыққабат – 5 624, сәбіз – 14 532, қызылша – 6 354, жуа – 14 738, қызанақ – 22 438, қияр – 22 749, асқабақ – 4 960, баклажан – 6 220, бұрыш – 4 485; бақша – 46 111 тонна: қарбыз – 23 912, қауын – 22 199; картоп – 29 350 тонна, мал азықтық дақылдар – 22 358 тонна.

Атырау облысы шаруагерлері жоғарыда көрсетілген өнім көлемімен облыс халқын өз маусымында толықтай қамтып отыр. Ал, маусымаралық кезеңде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары ішіндегі қырыққабат, сәбіз, жуа, картоп өнімдерімен толықтай қамту мүмкіндігі болмағандықтан тұрақтандыру қорына сатып алу арқылы бағаны ұстап отырмыз.

Осы мәселені шешу мақсатында, ірі жобаларды жеңілдетілген бюджеттік несиелендіру бағдарламасы шеңберінде (СКО), өңірде жалпы сыйымдылығы 16 мың тонна болатын 2 көкөніс сақтау қоймасын 2024 жылы іске қосу жоспарлануда. Тұрақтандыру қоры арқылы сатып алынып, аталған қоймаларға «Ауыл аманаты» бағдарламасына қатысушылардың өнімдері де сақталып, бағаны тұрақтандыру мақсатында қажетті мезгілде нарыққа шығару көзделуде.

Бүгінгі күні «Ауыл аманаты» жобасы аясындағы өсімдік шаруашылығына қарастырылған жалпы сомасы 17 млн.теңгені құрайтын несие сомасы жергілікті 2 кәсіпкерге берілді. Қос кәсіпкер осы қаражат көзін жылыжайлардың құрылысын аяқтауға қажетті жабдықтарды сатып алуға жұмсауды көздеп отыр. Келешекте осы жылыжайлардан алынған өнімді жергілікті нарыққа сауда

желілеріне шығару мүмкіндігі де қарастырылады. Бұл өз кезегінде осы өнімдердің бағасын жергілікті нарықтан төмен бағада сатуға жол ашады.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бірқатар жоба іске асырылуда. Биыл Махамбет ауданында көлемі 4 гектарлық өнеркәсіптік үлгідегі жылыжай кешені іске қосылды («Жұмағалиев» ШҚ). 5,6 гектарлық тағы бір өнеркәсіптік жылыжай кешенін 2024 жылы пайдалануға беруді жоспарлап отырмыз («Айдана Агро» ШҚ). Жобалардың жылдық өнімділігі 3 600 тонна.

Бұдан бөлек, шағын кәсіпкерлікті дамыту бағыты бойынша да бағдарлама аясында ауылдық елді мекендерде ауыл шаруашылығы емес бизнес түрімен айналысатын тұрғындармен 372,8 млн. теңгеге несие алуға 48 өтініш берілді. Өтініштердің басым бөлігі сервистік қызмет көрсету бағытында (автокөліктер және шаштаразға, тігін цехына, тіс емханасына құрал-жабдықтар сатып алу).

Атырау облысы бойынша азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, «Ауыл аманаты» бағдарламасына қосымша, шағын және орта бизнес субъектілерін несиелендіру мақсатында жергілікті бюджеттен 1 млрд. теңге бөлініп, оның ішінде «Бизнес аймақ» жергілікті бағдарламасына 500 млн. теңге, «Атырау өндірісі» жергілікті бағдарламасына 500 млн. теңге қарастырылды.

2.4 Атырау облысының ауыл шаруашылығы саласында мемлекеттік қолдаулар

Атырау облысының халқы 100 пайыз электр энергиясымен қамтамасыз етілген. Табиғи газбен 99,8 пайыз қамтылды. Таза ауыз сумен 99,8 пайыз қамтылды. Сонымен қатар аудандық маңызы бар жолдар 74 пайызы қанағаттанарлық жағдайда болса, келесі жылда бұл көрсеткішті 85 пайызға жеткізу жоспарлануда.

Облыста ауылдық елді мекендер саны – 138, оның ішінде 99,2 пайызы интернетке қолжетімділігі бар.

Жыл сайына ауылдық елді мекендердің инфрақұрылымын жақсартылуына республикалық бюджеттен қомақты қаражат бөлінуде. Атқарылған жұмыстардың арқасында, ауыл тұрғындарының әл-аухаты жақсарып, тұрмыс деңгейі артып, ауылда кәсіп ашып және тұрақтап қалуға ауыл тұрғындарының ынталары артып отыр.

Мысалға, биылғы жылы Құрманғазы ауданына 24 млрд. 873 млн. теңге бөлініп, оның ішінде: «Ауыл ел-бесігі» бағдарламасы арқылы 1 млрд. 555 млн. теңге бөлінді. Бұл қаражатқа мәдениет үйлері, спорт кешені, спорт алаңдары және т.б. әлеуметтік нысандар пайдалануға берілді. Жасалған жұмыстардың арқасында, ауданның даму деңгейі мен тартымдылығы артып, «Дипломмен ауылға» жобасы аясында ауданға 7 мұғалім, 2 дәрігер және 1 мал дәрігері жұмыс жасауға ниет білдіріп, жұмысқа орналасты. Биылғы жылы аталған ауданнан 28 кәсіпкер 215,2 млн теңге несие алып өз кәсіптерін ашты.

Осы атқарылған жұмыстардың бәрі, экономиканың дамуына, жаңа жұмыс орындарын құруға және бизнесті дамытуға қолайлы жағдай жасайды.

2024 жылы «Ауыл аманаты» бағдарламасы арқылы микрокредиттеуде сол аудан немесе ауылдық округке әлеуметтік маңызды 19 азық-түлік

тауарларының тізбесіне орай қажеттіліне бағыттайтын боламыз. Мысалға: әр ауыл өз-өзін әлеуметтік маңызды азық-түлік тауарларымен қамтылуы тиісті – деген қағидатты ұстауы және осы бағдарлама арқылы барынша жұмыстануы тапсырылатын болады. Бұл жерде ауыл шаруашылығы кооперациясы маңызды рөл атқарады, яғни, ауылдар, аудандар географиялық орналасуына қарай ауыл шаруашылығы тауарларын өсіру, өндіруде барынша бірігіп жұмыстар атқаруына түсінік жұмыстары жүргізіліп жатыр, одан әрі жалғаса беретін болады. Сонымен бірге, Атырау облысының Ауыл шаруашылығы саласын дамытудың 2024-2028 жылдарға арналған өңірлік жоспары әзірленуде.

«Ауыл Аманаты» жобасы Атырау облысында 2023 жылдың шілде айында бастау алды. Жобаны бастамас бұрын 7 аудан, 61 ауылдық округ, 138 елді мекенге талдау (скрининг) жүргізілді. Жалпы облыс көлемінде 13419 жұмыссыз, 4354 атаулы әлеуметтік көмек алушы бар.

Сонымен қатар, «Ауыл аманаты» жобасын іске асыру мақсатында бірнеше іс-шаралар қабылданды. Атап айтсақ: менің бастамамен ауыл шаруашылығы басқармасы, «Атырау» ӘКК», «Атамекен» кәсіпкерлік палатасы мамандарымен 24 түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, 2700 тұрғын қамтылды. «Ауыл Аманаты» жобасын тиісті деңгейде ұйымдастыру мақсатында облыстық, 7 аудандық және 61 ауылдық округте жобалық кеңселер және жұмыс топтары құрылды.

Скрининг нәтижесі бойынша, мал шаруашылығы саласында- 6 ауылдық округ төмен, 20 округ орташа, 35 округ жоғары; өсімдік шаруашылығында - 9 округ төмен, 21 округ орташа, 31 округ жоғары маманданғандығы анықталды.

Жобаны жүзеге асыруға 7 ауданға қарасты 61 ауылдық округтің 51 округінің тұрғындары қатысты, қамтылуы 83,6 пайызды құрады. Скрининг нәтижесіне сәйкес, 2024 жылы 1 млрд.504 млн. теңгеге 188 өтінім жоспарланған болатын.

Облыстың ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында, шағын және орта бизнес кәсіпкерлеріне, шаруа қожалықтарына мемлекеттік қолдаулар, яғни субсидиялар берілуде. ҚР Агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында, Атырау облысының ауыл шаруашылығы саласын дамыту мақсатында соңғы 3 жылда (2020-2022 жж.) агроөнеркәсіп кешенінің 4 219 субъектісіне 10,8 млрд. теңге сомасында субсидиялар берілді. 2021 жылдың қорытындысы бойынша Атырау облысының 1 494 ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілеріне 2,4 млрд. теңге көлемінде субсидия берілді. 2022 жылы агроөнеркәсіп кешенін субсидиялауға 4,7 млрд. теңгеге 1 387 субъектісі субсидияланды. Яғни, субсидиялау көлемі алдыңғы жылмен салыстырғанда кемінде 1,7 есеге артып отыр (2021 жылы 1 494 АӨК субъектілеріне 2 417,3 млн.теңге көлемінде субсидия берілді).

2024 жылы бірінші кезеңде шикізаттық базаны құру үшін микрокредиттер 5 бағытқа қарастырылды, олар:

- 1) мал шаруашылығы, соның ішінде ірі қара, құс бағыттағы шаруашылығын дамыту;
- 2) балық шаруашылығын дамыту;

3) өсімдік шаруашылығы өнімдерін өсіру;
4) ауыл шаруашылығы кооперативтерін құрып, оны қажетті жабдықтармен қамтамасыз етіп, дамыту және қосымша басқа да қызметтерді көрсету;

5) шағын кәсіпкерлікті дамыту.

2023 жылдың 24 шілдесінен бастап осы кезеңге дейін 2 млрд.251 млн. теңгеге 280 өтінім түсіп, оның 1 млрд. 504 млн. теңгесіне 192 өтінім мақұлданып, толығымен қаржыландырылды. Соның ішінде, 36 жұмыссыз ретінде тіркелген адам жоба бойынша өз кәсіптерін ашты. 2023 жылы қорытындысы бойынша 199 жаңа жұмыс орындары ашылуға жоспарланып, нақты 298 жұмыс орны ашылуы күтілуде.

Қаржыландырылған өтінімдердің нысаналы мақсаты бойынша:

- мал шаруашылығын дамытуға 1 млрд. 087 млн. Теңгеге 138 өтінім;
- техника мен жабдықтарды сатып алуға 400 млн. теңгеге 52 өтінім;
- өсімдік шаруашылығын дамытуға 17 млн. теңгеге 2 өтінім(жылыжайлар).

Өтінімдердің басым бөлігі мал шаруашылығын дамытуға жұмсалды, бұл жеке қосалқы шаруашылықтарда жер учаскелерін, сондай-ақ ауыл, елді - мекендердегі бос жерлерді тиімді пайдалануға ықпал етеді.

Сонымен қатар, етті мал шаруашылығын, балық шаруашылығын дамытуға да баса назар аударылуда.

Ағымдағы жылы, жоба аясында 908 бас ірі қара малы, 1 010 бас жылқы малы және 1 215 бас қой малы сатып алу көзделуде. Оның ішінде төрт түлік бойынша асыл тұқымды малдар (МІҚ малынан ақбас, абердин ангус, сименталь, мұғалжар жылқысы, еділбай қойы т.б) бар.

Ауыл шаруашылығы субъектілерін қолдау мақсатында, 2023 жылға субсидиялауға бюджеттен 3,6 млрд. теңге көзделген. Оның ішінде: мал шаруашылығын дамыту бағытына 1 931,7 млн. теңге, егін шаруашылығына 446,2 млн. теңге, инвестициялық субсидиялауға 619,6 млн. теңге және сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауға 453,5 млн. теңге көзделген.

Егін шаруашылығы бағытында:

1.Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру қызметтерінің құнын субсидиялау бағдарламасы бойынша: 114 ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне 276,3 млн.теңге субсидия төленді;

2.Тыңайтқыштар құнын субсидиялау бағдарламасы бойынша: 39 ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне 68,6 млн.теңге субсидия төленді;

3.Пестицидтердің құнын субсидиялау бағдарламасы бойынша: 7 ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне 4,6 млн.теңге субсидия төленді;

4.Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау бағдарламасы бойынша: 7 ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне 11,9 млн.теңге субсидия төленді.

Мал шаруашылығы бағытында [26]:

5.Мал шаруашылығын дамыту мақсатында субсидиялауға 2 833,7 млн.теңге бөлінді. Оның ішінде ауыл шаруашылығы жануарларының аналық

мал басы азығының құнын арзандатуға 1 867, млн.теңге қарастырылған. Бүгінгі таңда 2 833,7 млн.теңгеге 509 АӨК субъектісі субсидияланды.

Инвест. субсидиялауға:

6.Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялауға 481,0 млн.теңге сомасында субсидия көзделген. Бүгінгі таңда 481,0 млн. теңге сомасына 156 АӨК субъектісі субсидияланды;

Сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауға:

7.Ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ, лизинг кезінде субсидиялауға 504,6 млн.теңге сомасында сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауға арналған субсидия көзделген. Бүгінгі таңда 504,6 млн.теңге сомасына 363 АӨК субъектісі субсидияланды;

Азық-түлік астығын субсидиялауға:

8.Азық-түлік астығын өткізу кезінде агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компания шеккен шығыстарды өтеуді субсидиялау бағытында, азық-түлік астығын арзандату мақсатында 570,0 млн.теңге сомасына «Азық-түлік келісім шарт корпорациясы» ҰК» АҚ-на субсидия төленді.

Әкімдік тарапынан мемлекеттік қолдау көрсетудің барлық шараларын ұйымдастыру жұмыстары жалғасатынын хабарлайды.

Сонымен қатар, 2017-2021 жылдар кезеңінде «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде 5,45 млрд. теңге сомасына 1 271 жоба қаржыландырылды (игеру – 100%) және 607 жаңа жұмыс орын құрылды.

2021 жылы бөлінген 600 млн. теңге қаражатқа 156 жоба несие беріліп, сәйкесінше 53 жұмыс орны құрылды.

Бұдан бөлек, 2022 жылға «ауылдық елді мекендерде және шағын қалаларда микрокредит беру үшін облыстық бюджеттерге кредит беру» мемлекеттік бағдарламасы аясында, ауыл шаруашылығы саласына шағын несие беру мақсатында, 182 жобаны қаржыландыруға 1 295,9 млн. теңге қаражат несие бөлініп, 855,3 млн. теңгесі игерілді.

Сонымен бірге, 2023 жылы ауылдық округ тұрғындарының табысын арттыру және масштабтау бойынша пилоттық жобаға республикалық бюджеттен 1 504 млн. теңгеге 188 жобаны қаржыландыру көзделген. Нәтижесінде, 200-ге жуық жаңа жұмыс орын құрылады деп күтілуде.

2.5. Агроөнеркәсіп кешені саласындағы инвестициялық жобалар

Атырау облысы бойынша агроөнеркәсіптік кешенінің инвестициялық жобаларын іске асыру жөніндегі 2022-2026 жылдарға арналған Жол картасына сәйкес, ауыл шаруашылығы саласы бойынша жалпы сомасы 23 млрд. теңгені құрайтын 19 инвестициялық жоба іске асыру жоспарлануда.

Жол картаға сәйкес, 2022 жылы жалпы құны 1,8 млрд. теңгені құрайтын 5 жоба іске асырылды. Нәтижесінде 39 жаңа жұмыс орын құрылды.

Анықтама үшін [25]:

1.Махамбет ауданында «Жұмағалиев» ШҚ 4 га жылыжай кешенін құрылысы. Жоба құны – 1 441,0 млн.теңге. Жоба қуаттылығы: жылына 1 600 тонна көкөніс. Ашылған жұмыс орны: 16 адам;

2.Атырау қаласында «Атырау ет орталығы» ЖК ірі қара малына арналған мал сою және өткізу кешені, Жоба құны - 167,3 млн.теңге. Ашылған жұмыс орны: 12 адам;

3.Атырау қаласы аумағында «Отбасы» ШҚ 30 га жаңбырлату арқылы екпе шөп егу жобасы, Жоба құны – 20,0 млн.теңге. Жоба қуаттылығы: жылына 300 тонна жем-шөп, жоңышқа. Ашылған жұмыс орны: 3 адам;

4.Индер ауданында 30 га жаңбырлату арқылы екпе шөп егу жобасы, «Испусинов» ЖК. Жоба құны – 20,0 млн.теңге. Жоба қуаттылығы: жылына 300 тонна жем-шөп, жоңышқа. Ашылған жұмыс орны: 3 адам;

5.Атырау қаласы аумағында «Абуов» ЖК жем-шөп өндіретін мини-завод салу жобасы. Жоба құны – 161,0 млн.теңге. Ашылған жұмыс орны: 5 адам.

Бұдан бөлек, 2023 жылы іске асырылатын жалпы құны 9,7 млрд. теңгені құрайтын 7 жобаны іске асыру жоспарланып, нәтижесінде 143 жаңа жұмыс орыны құралды (Кесте 3) [27]:

1.Махамбет ауданында «Aidana Agro» ШҚ жылыжай құрылысы 5,6 га. Жоба құны – 8 000,0 млн.теңге. Жоба қуаттылығы: жылына 1 323 тонна көкөніс. Ашылған жұмыс орны: 60 адам;

2.Жылыой ауданында «Достан Ата» ШҚ мал сою пункті және ет өнімдерін өндіру цехы жобасы. Жоба құны – 80,0 млн.теңге. Жоба қуаттылығы: жылына 100 тонна ет. Ашылған жұмыс орны: 4 адам;

3.Құрманғазы ауданында «Дайнов У» ШҚ ірі қара малына арналған мал бордақылау алаңы. Жоба құны – 110,0 млн.теңге. Жоба қуаттылығы: жылына 100 бас. Ашылған жұмыс орны: 10 адам;

4.Индер ауданында «Асыл Агро» ШҚ 3000 бас ірі қара малына арналған бордақылау алаңы. Жоба құны – 1 000,0 млн.теңге. Жоба қуаттылығы: жылына 2 400 тонна ет. Ашылған жұмыс орны: 50 адам;

5.Қызылқоға ауданында «Құрман» ШҚ сүт өнімдерін өндіру жобасы. Жоба құны – 265,0 млн.теңге. Жоба қуаттылығы: жылына 100 тонна сүт. Ашылған жұмыс орны: 4 адам;

6.Жылыой ауданында «Сисенов» ЖК сиыр сүті мен одан шығатын сүт өнімдерін өндіру жобасы. Жоба құны – 28,0 млн.теңге. Жоба қуаттылығы: жылына 100 тонна сүт. Ашылған жұмыс орны: 3 адам;

7.Атырау қаласы аумағында «Иманбаев» ЖК 0,9 га жылыжай кеңейту жобасы. Жоба құны – 250,0 млн.теңге. Жоба қуаттылығы: жылына 0,9 га. Ашылған жұмыс орны: 12 адам.

Кесте 3 – Атырау облысында АӨК саласында атқарылып жатырылған жобалар

№	Жоба	Орналасқан жері	Жобаның құны (млн тенге)	Жобаның сыйымдылығы	Ашық бос жұмыс орындары
1	«Айдана Агро» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде жылыжай құрылысы	Махамбет ауданы	8 000,0	Жылына 1323 тонна көкөніс	60 адам
2	«Достан Ата» мал сою пункті мен ет өнімдерін өндіру цехының жобасы	Жылыой ауданы	80,0	Жылына 100 тонна ет	4 адам
3	«Дайнов У» шаруа қожалығындағы ірі қара мал бордақылау алаңы	Құрманғазин ауданы	110,0	Жылына 100 бас	
4	3000 бас ірі қараға арналған бордақылау алаңы, «Асыл Агро» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Индер ауданы	1 000,0	Жылына 2400 тонна ет	50 адам
5	«Құрман» АҚ сүт өнімдерін өндіру жобасы	Қызылқоға ауданы	265,0	Жылына 100 тонна сүт	4 адам
6	Сисенов» АҚ сиыр сүті мен өнімдерін өндіру жобасы	Жылыой ауданы	28,0	Жылына 100 тонна сүт	3 адам
7	«Иманбаев» АҚ жылыжайды кеңейту жобасы	Атырау қаласы	250,0	Жылына 0,9 га	12 адам

Ескертпе - Кесте Атырау облысы ауыл шаруашылығы басқармасы мәліметтері негізінде автормен жасалды [25].

Балық шаруашылығы саласында 2022-2025 жылға дейін құны 16 млрд. теңгеге 300 тұрақты жұмыс орны қамтылуымен 9 жобаны жүзеге асыру жоспарлануда (7 тоған шаруашылығы, 1 тор қоршамада балық өсіру, 1 балық өңдеу цехы). Нәтижесінде тауарлы балық өсіру көлемі 281 тоннадан 15 мың тоннаға артады. 2022 жылы 2 тоғанда тауарлы балық өсіру шаруашылығы «Тілекші» ЖШС-і мен «Сағиева» Ш/қ іске қосылды [29].

Жоспарланған жобаларға әкімдік тарапынан барлық мемлекеттік қолдау шаралары және жобаларды белгіленген мерзімде іске асыру бойынша барлық тиісті жұмыстар ұйымдастырылып, салаға одан әрі инвесторларды тарту жұмыстары жандандырылатын болады.

3 Талдау және ұсыныстар

3.1 Аймақтағы ауыл шаруашылығын мемлекеттік реттеудің проблемалары және шешу жолдары

Атырау облысының агроөнеркәсіптік кешенінің SWOT талдауын жасау үшін ұсынылған ақпарат негізінде келесі күшті және әлсіз жақтарды, мүмкіндіктер мен қауіптерді анықтауға болады.

Кесте 4 - Атырау облысының агроөнеркәсіптік кешенінің SWOT талдау

SWOT	Сипаттама
Strengths (Мықты жақтары)	Үлкен жер қоры мен жайылымдар
	Ауыл шаруашылығы кооперативтерінің болуы
	Инновациялар мен заманауи технологияларды енгізу
	Мемлекеттік қолдау
Weaknesses (Әлсіз жақтары)	Жерді жеткіліксіз пайдалану
	Шектеулі өнімді өңдеу
	Ауа райы жағдайына тәуелділік
	Инфрақұрылымның жетіспеушілігі
Opportunities (Мүмкіндіктер)	Экспорттық нарықтарды кеңейту
	Жаңа технологияларды енгізу
	Инфрақұрылымды дамыту
	Жаңа жұмыс орындарын құру
Threats (Қауіп-қатер)	Климаттық өзгеріс
	Бағаның құбылмалылығы
	Жануарлар мен өсімдіктер ауруларының қаупі
	Бәсекелестік

Ескертпе - кесте Атырау облысы ауыл шаруашылығы басқармасы мәліметтері негізінде автормен жасалды [26].

Мықты жақтары:

- Мал шаруашылығы мен балық шаруашылығын дамытуға арналған ірі жер қоры мен жайылымдар.
- Жергілікті кәсіпкерлік пен агроөнеркәсіп кешенін дамытуға ықпал ететін ауыл шаруашылығы кооперативтерінің болуы.
- Ауыл шаруашылығына инновациялар мен заманауи технологияларды енгізу, оның ішінде балық өңдеу зауыттарын жаңғырту және жылыжай кешендерін салу.
- Агроөнеркәсіп кешенін дамытуға субсидиялар мен несиелер түріндегі мемлекеттік қолдау.

Әлсіз жақтары:

- Заңды бұза отырып берілген жерлерді жеткіліксіз пайдалану.

– Өңделмеген өнімді экспорттау қажеттілігіне әкелетін өнімді өңдеудің шектелуі.

– Ауа райы жағдайына, әсіресе құрғақшылық жағдайында тәуелділік.

– Сақтау мен логистиканы қоса алғанда, нарықты толық қамту үшін инфрақұрылымның болмауы.

Мүмкіндіктер:

– Ет, сүт және балық экспорттық нарықтарын кеңейту.

– Тиімділік пен өнімділікті арттыру үшін жаңа технологияларды енгізу.

– Инфрақұрылымды дамыту, оның ішінде жаңа қоймалар мен логистикалық орталықтар салу.

– Ауыл шаруашылығы жобалары арқылы жаңа жұмыс орындарын ашу және ауылды дамыту.

Қауіп-қатер:

– Климаттың өзгеруі және құрғақшылық кезеңдерінің ұлғаюы ауыл шаруашылығы өндірісіне әсер етті.

– Дүниежүзілік нарықтағы ауыл шаруашылығы өнімдері бағасының тұрақсыздығы.

– Өнімділік пен өнімділіктің төмендеуіне әкелетін жануарлар мен өсімдік ауруларының қаупі.

– Ауыл шаруашылығы саласында басқа аймақтармен және елдермен бәсекелестік.

Бұл SWOT талдау Атырау облысының агроөнеркәсіптік кешенінің ағымдағы жай-күйі мен даму перспективаларын бағалауға, тұрақты дамудың стратегиялық бағыттарын айқындауға және өңірдің аграрлық сектордағы позициясын нығайтуға көмектеседі.

Агроөнеркәсіптік сектор ел экономикасының негізгі секторларының бірі болып табылады және оның даму дәрежесіне елдің азық-түлік қауіпсіздігінің деңгейі ғана емес, сонымен қатар мемлекеттің қоғамдық-саяси тұрақтылығы да толық байланысты. Бұл салада қоғам үшін өмірлік маңызы зор өнім өндіріледі, сондай-ақ бұл сала үлкен экономикалық әлеуетке ие.

Ауыл шаруашылығындағы дағдарыстық жағдайлар терең экономикалық реформаларды жүзеге асыруға, яғни ауыл шаруашылығы өндірісін мемлекеттік реттеу жүйесін құру бойынша жаңа тәсілдерді әзірлеуге алып келді.

Жүргізілген талдаулар бойынша Атырау облысының агроөнеркәсіптік кешенінің қазіргі таңдағы жағдайы экономикалық көрсеткіштер бойынша аса қауіпті мәселелер қазіргі таңда жоқ. Бірақ, ауыл шаруашылығына жалпы құрылымдық өзгерістер қажет. Себебі, ауыл шаруашылығының даму дәрежесі барлық мүмкіндіктерге сай емес. Яғни, аудан бойынша өсімдік шаруашылығына қарағанда мал шаруашылығы жыл сайын басымдық танытып келеді. Өнім көлемі бойынша да, мемлекеттік қолдау бойынша да мал шаруашылығы алдыңғы қатарда. Бұл әрине ауданның табиғи жағдайына да байланысты. Шетелдік тәжірибелерге сүйене отырып, топырақтың

құнарлылығын арттыру бойынша жобаларды іске қосу қажет, АӨК ақпараттық- консультациялық жүйесін дамыту қажет, саланы білікті мамандармен толықтыру қажет болып табылады. Көршілес Ресей мемлекеті ауыл шаруашылығын дамытуды ірі шаруашылық орталықтарына қарағанда, шағын және орта өндіріске көп көңіл аударып дамытуда. Шағын және орта өндірісті дамыту үшін ауыл шаруашылық кластерлерін дамыту қажет: дәнді-дақылдар өндірісін, яғни ұн, жем өндірісіне арналған кластерлер және ет өндіру жұмыстары бойынша кластерлер құру. Нәтижесінде өндірістің жаңа деңгейіне көтерілуіне сондай-ақ, аймақтың әлеуметтік дамуына мүмкіндік туады. Аймақта мал шаруашылығы басым дамығандықтан мал шаруашылығына арналған жем өндіруді дамыту қажет. Екі сала бір-бірімен тығыз байланысты болғандықтан аймақтағы өсімдік шаруашылығын да соған сай дамыту қажет. Өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығын қатар дамыту үшін: жер ресурстарын тиімді пайдалануды дамыту, ресурстық үнемдеу технологияларын қолдану, астық өндірісінің инфрақұрылымын дамыту, өнім сапасы мен өнімді сақтау жүйесін одан әрі дамыту қажет [15].

Агроөнеркәсіптік кешеннің барлық салаларын шикізат пен дайын өнімді жоғары пайдаға негіздеу принципіне сүйене отырып дамыту қажет. Экономиканың барлық салалары сияқты АӨК де ғылыми-техникалық прогреске мұқтаж салалардың бірі. Дайын өнім өндіру барысында ҒТП-тің негізгі бағыттары төменде (11-суретте) көрсетілгендей болуы шарт [16].



11-сурет – Агроөнеркәсіптік кешенді ҒТП арқылы дамытудың жолдары

Ескерпе – Атырау облысы ауыл шаруашылығы басқармасы мәліметтері негізінде автормен жасалды [16].

Ауыл шаруашылығын мемлекеттік реттеу агроөнеркәсіптік сектордың экономиканың басқа салаларымен өзара іс-қимылына жағдай жасау, сондай-ақ мемлекет дамуының шарттары мен міндеттеріне сәйкес саланың дамуын жеделдету үшін оңтайлы макроэкономикалық саясатты қалыптастыру үшін айтарлықтай бюджет қаражатын талап етеді.

Аграрлық саясатты іске асыру үшін мемлекеттік реттеу тетігінің шығындарын бағалау қажет, оның ішінде: нарықтық бағаларды қолдау, тікелей дотациялар, салық салу, азық өндірушілерге төлемдер және қолдаудың басқа да түрлері.

Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың тиімділігін арттыру үшін адами ресурстарды пайдалану жүйесін реформалау арқылы тікелей өндірісте білікті мамандарды даярлау керек. Сонымен қатар, шаруа қожалықтары үшін сервистік қызметтерді жеткізудің дамыған нарығын қалыптастыру және шаруа қожалықтарын дамытудың индустриялық-инновациялық бағытын дамыту қажет.

Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қаржылық қолдауда компенсациялық төлемдерді пайдалану керек; мемлекеттің баға тұрақтылығына араласуы (ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағаларын тепе-теңдікте ұстау, азық-түліктің экспорты мен импортына квоталар, салықтар белгілеу); шығындарды өтеу-өндіріс құралдарын сатып алуды субсидиялау; нарықты және өндірістік инфрақұрылымды дамытуға жәрдемдесу; макроэкономикалық саясат (экономиканың басқа да салаларын мемлекеттік қолдау шаралары).

Қазақстанда ауыл шаруашылығы өндірісін субсидиялаудың қазіргі заманғы тәсілдері белгілі бір кемшіліктерге ие, оларды жою өндірістің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл, ең алдымен, өндірілетін өнімнің шығындарына үлес салмағының төмендігі, бұл отандық және импорттық өнімнің тең емес баға шарттарына қояды, сонымен қатар, субсидиялау жүйесі өте күрделі процесс болғандықтан өнім өндірушілердің қызығушылығын тудырмайды [30].

Аграрлық сектордағы мемлекеттік реттеудің негізгі мақсаты-халықты азық-түлікпен және басқа да тауарлармен барынша қамтамасыз етуде өндіріске жәрдемдесу, экспорттық әлеуетті қалыптастыру, халықты жұмыспен қамту, ауылды әлеуметтік дамыту, тұтастай алғанда экономиканы тұрақтандыру.

Нарық жағдайында ауыл шаруашылығы өндірісі көбінесе мемлекеттің қаржылық қолдауына (баға саясаты, кредиттер, салықтар бойынша жеңілдіктер, дотациялар, субсидиялар және бюджет қаражатынан өзге де төлемдер) байланысты.

Бағаны реттеу барлық тауар өндірушілер үшін жағдайды реттейді, баға тепе-теңдігін қалыптастырады және бағалардың монополистік өзгерісін жояды. Бағаның еркін ауытқуына жоғарғы және төменгі шектердің арасында жол беріледі. Жоғарғысы тұтынушылардың мүдделерін қорғайды, төменгі өндірушінің кепілдік берілген ең төменгі табысын сақтайды.

ҚР-дағы баға саясаты өндірушілерді қолдамайды, яғни баға деңгейі шығындарды өтеуді және кеңейтілген өндіріс үшін пайда алуды қамтамасыз

етпейді, бағаларды индекстеу жүргізілмейді. Осыған байланысты ауыл шаруашылығы өндірушілерінің қаржылық жағдайы нашарлайды. Тұтастай алғанда, баға саясатының белгілі бір тұжырымдамасы жоқ, негізінен бағаларды ырықтандыру, баға жағдайын болжау жүргізілмейді. Бұл аграрлық саланы бағалық реттеудегі мәселелер. Сондай-ақ ауыл шаруашылығын тұрақтандыру және ынталандыру жөніндегі мемлекеттің әлсіз қаржылық базасы.

Аграрлық өндірушіні мемлекеттік қолдаудың қазақстандық жүйесінің негізгі міндеттері: нарықтың жаңа жағдайларына бейімделуге көмек көрсету, қажетсіз көші-қон процестерін болдырмау, азық-түлік пен шикізаттың ішкі нарығын қолдау және қорғау, азық-түлік қауіпсіздігін тиісті деңгейде қамтамасыз ету және қолдау болуға тиіс [18].

Мемлекеттің рөлі әрқашан агроөнеркәсіп секторын дамытудың шешуші факторы болып табылады, өйткені ауыл шаруашылығының дамуы және осыған байланысты қызмет салалары ел ішіндегі мемлекеттердің қызметіне және халықаралық қатынастарды қалыптастыруға байланысты. «Агробизнес – 2020» бағдарламасы аясында АӨК мемлекеттік реттеудің қолайлы жүйесін қалыптастыру үшін аграрлық саладағы мемлекеттің рөлін арттыру қажет, мемлекет келесі (12-сурет) көрсетілгендей бағыттар арқылы өзінің аграрлық салаға араласу деңгейін көтеру керек.




12-сурет – Аграрлық салада мемлекеттің рөлін арттыру жолдары
Ескертпе – Ауыл шаруашылығы басқармасынан алынған дереккөздер негізінде автормен құрастырылған [18].

Бүгінгі күні бәсекеге қабілетті экономика құру өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Агроөнеркәсіптік кешен қазақстандық экономиканың басым секторларының бірі болып табылады. Оның табысты жұмыс істеуіне көп жағдайда республиканың азық-түлік қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуі, жұмыс орындарының сақталуы, ауылдық аумақтардың дамуы тәуелді болып келеді.

Егіннің жоспарлы болжамының белгісіз болуына байланысты басқа салаларға қарағанда тұрақсыздығымен сипатталады. Бұдан басқа, бұл сала қызметінің айқын маусымдық сипаты бар. Аталған факторлар АӨК субъектілерінің төмен деңгейдегі инвестициялық белсенділігін түсіндіреді.

Аграрлық салаға инвесторларды тарту қиын болып табылады. Оның себебі: аграрлық саланың табысы өте аз және айтарлықтай тәуекелдерге ие. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының АӨК-дегі инвестициялық саясат қысқа мерзімді сипатта бола бастады және толыққанды инвестициялық қызметке қарағанда неғұрлым қысқа мерзімді кредит беруге ұқсас [31].

Ауыл шаруашылық секторында Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банктері де айтарлықтай орынға ие. Екінші деңгейлі банктермен қарым-қатынастың өзіне тән қайшылықтары бар. Ауыл шаруашылығының субъектілеріне кредит беру кепілдік механизм негізінде жүргізіледі. Сондықтан аграрлық саланың субъектілерін қаржыландыру тәуекелдің жоғары дәрежесін қамтиды. Банктерден кредит алу мүмкіндігі аграрлық сектордың субъектілерінің қаржылық жағдайына да байланысты. ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің бағалауы бойынша аграрлық сектор субъектілерін несиелік қамтамасыз етудің негізгі проблемалары келесі (13-суретте) көрсетілген [17].



13-сурет – Аграрлық сектор субъектілерін несиелендіру мәселелер
Ескертпе – ҚР АШМ алынған дереккөздер негізінде автормен құрастырылған [17].

Осыған қарамастан, егер ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші өз қажеттіліктерін өз қаражаты есебінен қанағаттандыра алмаса, банктердің

несиелік қаржыландыруы сыртқы қаржыландырудың ең жақсы әдісі ретінде қарастырылады. Банктердің қазіргі заманғы кредиттік саясатының ерекшелігі ірі кәсіпорындарды қолдау болып табылады. Ал шағын бизнес субъектілеріне жоғары пайыздық мөлшерлеменен немесе қатаң кепілмен беріледі.

Ауыл шаруашылығын салықтық реттеу – жанама қаржылық реттеу түріне жатады. Салық халық шаруашылығының экономикалық өсіміне тікелей әсер ететіндігі белгілі. Қазіргі таңда салықтар Қазақстанда экономикалық саясаттың құралы ретінде маңызы артуда. Сондықтан агроөнеркәсіптік кешенді тікелей мемлекеттік реттеудің біршама қысқарғаны байқалады.


Аграрлық саланың болашақтағы өркендеуі оның қаржылық қамтамасыз етілуіне байланысты. Сондықтан елімізде АӨК субъектілерін қаржылық-кредиттік қамтамасыз етудің жаңа тиімді жүйелері қажет.

Ауыл шаруашылығындағы сақтандыру жүйесіне ерекше назар аудару керек. Себебі, осы салада қаржылық нәтижелер жиналған егінге байланысты болғандықтан. Осыған орай, ауыл шаруашылығы өндірушілеріне бағдарланған сақтандыру қызметтерінің жаңа нысандарын дамыту қажет.

Біздің республикамыздың аграрлық саясатын қалыптастыру кезінде дамыған елдердегі ауыл шаруашылығын дамытудағы әлемдік үрдістерді ескеру керек. Әлемнің көптеген елдерінде ауыл шаруашылығын мемлекеттік реттеудің тиімді жүйесін енгізу үшін АӨК мемлекеттік реттеу ұлттық басымдық ретінде танылады. Соңғы жылдары дамыған елдердің өздерінің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелеріне көп көңіл бөлініп келеді, жыл сайын фермерлік шаруашылықты қолдау үшін қаражат бөлінеді. Мысалы, Жапонияда мемлекеттік бюджеттің шығысының ауыл шаруашылық саласына бөлінген мөлшері барлық қаржының 65%, ЕО елдерінде 49%, АҚШ 24%, Канада 20%, ал біздің елімізде бар болғаны 5,5% [19].

Нарықтық экономикасы дамыған ауыл шаруашылығы өнімінің өзіндік құнындағы субсидиялардың үлес салмағы 40%–ға, ал Қазақстан бойынша - 1,4%-ға жетеді. Дамыған елдердің тәжірибесі аграрлық салаларға тікелей мемлекеттік реттеу және қолдаудың төмен деңгейлі елдерде ауыл шаруашылығының құлдырауы және азық-түлік қауіпсіздігі жүйесінің бұзылуы орын алып отырғанын көрсетеді [19].

АӨК қарқынды дамыту үшін ауыл шаруашылық кооперативтерін және ірі фермерлік шаруашылықтарды құру және дамыту қажет. Бұл бағытта келесі (14-суретте) көрсетілгендей іс-шаралар жүзеге асырылуға тиіс.



14-сурет – АӨК-ді шаруашылық кооперативтері арқылы жетілдіру жолдары
Ескертпе – ҚР АШМ алынған дереккөздер негізінде автормен құрастырылған [17].

Мемлекет басшысы "Қазақстан-2050" Стратегиясында еліміздің агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2020 жылға дейінгі жаңа бағдарламасы аясында Үкімет алдына 2020 жылға қарай ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау көлемін 4,5 есеге арттыру міндетін қойды. Бұл бағыт осы секторды әлемдік аграрлық өнім нарықтарында оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында реттеуге қойылатын қазіргі заманғы талаптарға жауап береді. Сонымен қатар, бүгінгі күні аграрлық секторды дамыту бойынша мемлекет саясатының мақсатты бағыты экономикалық жаңғыртуға, инновациялық бағдарламаларды енгізуге бағытталу болып табылады. АӨК дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруда "ҚазАгроИнновация" АҚ-ның елеулі рөлін атап өту қажет. Аграрлық ғылымның басымдықтары айқындалып, олардың әрқайсысы бойынша ғылыми зерттеулердің негізгі бағыттары анықталды. Бірақ, аграрлық сектордың инновациялық дамуы туралы идеяны іске асыру үшін үлкен қаржы құю керек, сондай-ақ АӨК-нің жұмыс істеуінің тиімді жұмыс істейтін тетігі қажет. Атап айтқанда, инновациялық белсенді шаруашылық құрылымдарының болуы саланың жұмыс істеуінің инновациялық жүйесін қалыптастырудың қажетті шарты болып табылады [20].

Егер АӨК алдында тұрған тактикалық мәселелерді шешуге келсек, қазіргі кезеңде аграрлық саясатты жүргізу кезінде оны екі позициядан: экономикалық проблемаларды шешу тәсілдерінің бірі ретінде және ауылдағы әлеуметтік мәселелерді шешудің ерекше құралы ретінде қарастырған жөн. Экономиканы, тиісінше, аграрлық саясатты дамытудың жоғары мақсаты бүкіл қоғамның барынша жоғары әл-ауқатын қалыптастыру болып табылады. Егер халықтың жартысына жуығы ауылда тұратынын ескерсек, онда елдің дамуы үшін осы саланың жоғары әлеуметтік маңыздылығын айтуға болады. Осыған байланысты АӨК дамыту тұжырымдамасын әзірлеу қажет. Тұжырымдама бойынша басым бағыт ретінде әлеуметтік жағдайды енгізу керек. Әдетте, АӨК дамытудың

барлық тұжырымдамалары мен бағдарламалары өндірістің табыстылығын арттыруға, еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған. Сондықтан осы саланы дамытудың объективті сипаты реформалау нәтижелерін жылдам алу мүмкіндігін шектейді. АӨК-ді кезекте дамытып бірінші кезеңде экономикалық бағдармен әлеуметтік мәселелерді шешу қажет. Яғни, ұдайы өндіріс циклдарына қатысатын және АӨК тұрақты даму тетігінің қажетті элементтері болып табылатын нақты шаруашылық жүргізуші субъектілерін қалыптастыру. Сондай-ақ саланы дамытудың мемлекеттік саясатының маңызды екпіні жұмыспен қамту проблемаларын шешу болып табылады. Бұл мәселе Қазақстан үшін өзекті, себебі халықтың жартысы ауылда тұрады. Аталған бағытта бұл мәселені шешу ауылда және елде әлеуметтік тұрақтылықты сақтауға әкеліп соғады. Сонымен қатар, шаруа қожалықтарына ынталандыру жұмыстарын жасап, белсенділігін арттыру мақсатында мемлекет пен кәсіпкерлер арасындағы тығыз байланысты қалыптастыру керек. Мысалы, Канада, АҚШ және т.б. дамыған мемлекеттерде фермерлер арасындағы қарым-қатынас өте тығыз. Төмендегі (15-суретте) дамыған мемлекеттердің АӨК дамыту бағдарламаларының басым бағыттары көрсетілген.



15- сурет – Дамыған мемлекеттердің АӨК-ді аймақтық дамытудың моделі
Ескертпе – ҚР АШМ алынған дереккөздер негізінде автормен құрастырылған [21].

АҚШ-та жыл сайын әр шаруа қожалығының дамуына жыл сайын жоспар жасап береді. Осылайша, шаруа қожалықтары толық мемлекеттің қорғауында болады және барлық іс-әрекеті бәсекелестікті дамытуға бағытталады. Шаруашылық жүргізудің аграрлық саласын реформалаудағы бұл тәсіл осы саланың жұмыс істеу ерекшелігі мен оның даму импульстерін есепке алу қажеттілігін болжайды. Бүгінгі кезеңде, әрине, АӨК жаңғыртудың инновациялық бағыты өте маңызды. Бірақ аграрлық секторды дамыту тұжырымдамасын әзірлеуде ұзақ мерзімді, сондай-ақ қысқа мерзімді жоспарлармен дамыту қажет. Аграрлық сектордың жұмыс істеу саласын кезең-кезеңімен және мақсатты бағдармен жаңғырту көзделуде. ҚР аграрлық секторының өндірістік қатынастары мен өндірістік күштерін инновациялық жаңғыртуға осындай тәсілдемен ұлттық экономиканы бәсекелі дамытудың бағыты болып табылады [21].

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасындағы АӨК орын алып отырған мәселелерді негізге ала отырып, болашақтағы АӨК даму жоспарын келесі бағыттар бойынша жүргізу қажет:

- қаржы ресурстарын бөлу және аграрлық сала субъектілерін субсидиялауға байланысты мақсатты бағдарламаларды құрылымдау;
- АӨК секторларына әр түрлі жеңілдіктермен несие беру;
- ұзақ мерзімді несиелеу жүйесін дамыту (он жылдан жоғары);
- аграрлық өндірісте лизингті қолдау;
- экспортты ынталандыру;
- отандық өндірушілерді сыртқы тауар өндірушілердің қысымынан қорғау.

АӨК мемлекеттік реттеу жүйесінің тиімді құрылымдалуы, отандық өндірушілерге және шаруа қожалықтарына қиын экономикалық жағдайдан кедергісіз өтуіне ғана емес, экономикалық өсімге қол жеткізіп, нарықтың жаңа сегменттеріне орналасуына ықпал етеді.

3.2 АӨК аймақтық аспектілерін дамытуды мемлекеттік реттеуді жетілдіру бойынша ұсыныстар

Қазақстан Республикасының АӨК аймақтық экономикалық дамуына жүргізілген талдау аграрлық ресурстық әлеуетті толық қамтитындай өндірістің айтарлықтай дамығандығын, АӨК барлық салалық құрылымдарының тығыз байланыстылығын, аймақтың жұмыспен қамтуды қамтамасыз ететіндігін, сондай-ақ, ішкі және дүниежүзілік нарықтағы бәсекелестікке қол жеткізгендігін дәлелдейді.

Аграрлық реформаны жүргізу процесі көп салалы нарықтық ауыл шаруашылығын құрылымдау болып табылады. Мемлекеттегі аграрлық саланы дамытудың басым бағыттарын анықтаудағы қателіктер, нарықтық экономиканы құрылымдау барысында АӨК-ді мемлекеттік реттеудің күрт төмендеп кетуі АӨК өндірісіне және ауылдың әлеметтік жағдайына өз ықпалын тигізеді.

Нарықтық экономиканың заңдылығы бойынша оның басты принципі ретінде нарықтық өзін-өзі реттеу қарастырылады. Алайда, нарықтық өзін-өзі реттеу барлық саланы толық қамти алмайды. Сондықтан, аграрлық секторға міндетті түрде қосымша мемлекеттік реттеу жүргізіледі.

Көршілес Ресей мемлекетінің тәжірибесіне сүйенсек АӨК дамыту барысында еркін нарық тұжырымдамасы АӨК-ді дамытудың мақсаттары мен міндеттерін толық орындай алмайды. Мемлекеттік жоспарлау жүйесінен бас тарту, саладағы тұрақсыз баға саясаты, мемлекеттік қолдаудың жеткіліксіздігі ауыл шаруашылығының экономикалық өсімін тежейді және АӨК-нің құлдырауына әкеліп соғады. Сол себепті, аграрлық секторды мемлекеттік реттеу принципіне негіздеп дамыту барлық жағынан қолайлы болып табылады. Еліміздің қазіргі таңдағы экономикалық даму дәрежесін ескере отырып, аграрлық саланы мемлекеттік реттеу тұжырымдамасын енгізе отырып, АӨК-ді аймақтық дамыту тұжырымдамаларын енгізу қажет. Аграрлық саланы мемлекеттік реттеу аграрлық саясаттың басты бағыты болуы керек. Мемлекеттік реттеу арқылы қысқа мерзімде жоғары нәтижелі көрсеткіштерге

жетуге болады. Дамыған АҚШ мемлекеті сияқты аграрлық секторды мемлекеттік реттеу экономиканың өзекті мәселесі ретінде қарастырылуы керек. АҚШ мемлекеттік реттеу тетіктері арқылы АӨК-ге экономикалық және қаржылық қолдау көрсетеді. АӨК мемлекеттік реттеудің тұжырымдамасы келесідей аймақтық аспектілерді қамтуы керек: экологиялық, әлеуметтік, қаржылық-экономикалық, технологиялық, ұйымдық-құқықтық, сыртқы экономикалық [22].

Қазіргі таңда аграрлық сектор ел экономикасының маңызды құрылымды бөлігі. Оның дамуымен халық шаруашылығының барлық салалары байланысты. Сонымен қатар, АӨК-нің дамуы аймақтағы сауда-саттық деңгейін және елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды анықтайды. ҚР-ның АӨК-нің даму дәрежесін талдай келе, шет елдік АӨК-нің мемлекеттік реттеу жүйесінің тиімді тұстарын ескере отырып, орын алған мәселелерді шешуге бағытталған АӨК мемлекеттік реттеу моделін ұсынамыз (Қосымша 1, Сурет 16).

Саланы мемлекеттік реттеудің тұжырымдамалық негізі: сатылым қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жер және су ресурстарын рационалды пайдалану, бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылық өндірісін қалыптастыру, аймақтың әлекметтік дамуы, импорт пен экспортты реттеу, саланың тұрақты дамуына экономикалық және құқықтық жағдай жасау. Еліміздегі ауыл шаруашылығының даму жағдайын және туындаған мәселелерді талдай келе, әлі күнге дейін тиімді экономикалық реттеу механизмі құрылымдалмағанын байқауға болады. Сондай-ақ едіміздегі АӨК мемлекеттік реттеудің басты кемшілігі: жалпы мемлекетке ортақ бағдарламалар аясында дамуы, аймақтық аспектілердің аз көлемде ескерілуі болып табылады. Соған орай, АӨК қазіргі жағдайын талдап, зерттей келе, келесі тұжырымдамалық модельді ұсынамыз: республикалық деңгейде әр аймақтың табиғи ерекшелігіне, экономикалық жағдайына, әкімшілік құрылымына, экономикалық өсіміне қарай отырып әр аймақтың АӨК-нің дамыту бойынша жеке даму жоспарларын, дамыту бағдарламаларын, мемлекеттік реттеу және мемлекеттік қолдау бағдарламаларын даярлау. Яғни, жалпы мемлекеттік бағдарламалар көбінесе жалпылама ауыл шаруашылығын дамытуға бағытталады, ал егер де жеке аймақ бойынша даму бағдарламалары жасалып, басым бағыттарын ескере отырып, сол салаларды одан әрі дамытуға және нақты аймақ бойынша құлдырау алдында тұрған салалаға жеке аймақтық мемлекеттік қолдау шараларын жүргізу. Аймақтық аспектілерді ескере отырып мемлекеттік реттеуді негізгі үш бағытта жүргізу қажет: экономикалық реттеу, әкімшілік реттеу, нарықтық реттеу. Сонымен қатар жалпы мемлекеттік реттеуден нақты аймақтық мақсатты бағдарланған мемлекеттік қолдау моделін ұсынамыз. Бұл орайда мемлекеттік қолдау мемлекеттік реттеу жүйесінің құрылымды бөлігі ретінде қарастырылуы керек. Яғни, АӨК-ді мемлекеттік реттеу мемлекеттік қолдаудың тетіктері арқылы жүзеге асуы керек.

Қорытындылай келе, ұсынылып отырған модель бойынша мемлекеттік органдар мен жергілікті органдардың функционалды міндеттерінің ара жігін айырып алу қажет. Яғни, мемлекеттік органдар жалпы мемлекеттік

экономикалық саясатты жүзеге асырып, инвестициялық және сыртқы экономикалық саясатты жүзеге асыруға бағытталған іс-шаралар кешенін құрылымдайды. Ал, жергілікті органдар аймақтың даму дәрежесін, халықтың тұрмыс-тіршілігін, табиғи аспектілерін ескере отырып жылпы мемлекеттік бағдарлама аясында жеке аймақтық даму бағдарламасын құрылымдайды.

Ұсынылып отырған модель ауыл шаруашылығының дамуына қолайлы жағдай қалыптастырып, кез-келген жағдайға бейімделіп, аграрлық саланы функционалды құрылымдау, аграрлық бизнесті дамытып, бәсекелестікті дамытуға ықпал етеді. Жекелеген аймақтар бойынша ұсынып отырған модель негізінде аймақтық даму бағдарламалары жасалынатын болса, еліміздің әр өңірі маманданған саласына қарай ауыл шаруашылығын өркендетіп, халықаралық сауда-саттықта өз белсенділігін танытатын болады [32].

Осы ұсыныстардың барлығы экономиканың дамуына, жаңа жұмыс орындарын құруға және бизнесті дамытуға қолайлы жағдай жасайды.

2024 жылы «Ауыл аманаты» бағдарламасы арқылы микрокредиттеуде сол аудан немесе ауылдық округке әлеуметтік маңызды 19 азық-түлік тауарларының тізбесіне орай қажеттіліне бағыттайтын болады. Мысалға: әр ауыл өз-өзін әлеуметтік маңызды азық-түлік тауарларымен қамтылуы тиісті – деген қағидатты ұстауы және осы бағдарлама арқылы барынша жұмыстануы тапсырылатын болады. Бұл жерде ауыл шаруашылығы кооперациясы маңызды рөл атқарады, яғни, ауылдар, аудандар географиялық орналасуына қарай ауыл шаруашылығы тауарларын өсіру, өндіруде барынша бірігіп жұмыстар атқаруына түсінік жұмыстары жүргізіліп жатыр, одан әрі жалғаса беретін болады.

2024 жылға «Атырау» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясында 747 млн. теңгеге 88 өтінім бар. Өтінім беруге қызығушылық танытушы 256 тұлғадан 2428 млн. теңгеге өтінім түседі деп жоспарлануда (жеке қосалқы шаруашылық – 2 жұмыс орны, кооператив – 5 жұмыс орны).

Скринингтің алдын ала болжамы бойынша әлеуетті алушылар төмендегі бағыттар шеңберінде шаруа жасауды жоспарлап отыр [24]:

- мал шаруашылығы: 163 алушы, жобалар құны 1 млрд. 500 млн. 500 мың теңге;
- өсімдік шаруашылығындағы: 22 өтініш, жобалар құны 200 млн. теңге;
- кооперативтерді дамыту: 11 өтініш, жобалар құны 325,0 млн. теңге;
- шағын бизнесті дамыту: 159 алушы, жобалар құны 1 млрд. 474 млн. 500 мың теңге.

Жалпы жеңілдетілген несие алуға ауыл тұрғындарының қызығушылықтары артқаны байқалады.

2024 жылы «Ауыл аманаты» бағдарламасы шеңберінде алынған тәжірибені және жүргізілген скрининг негізінде, ауылдық жерлерде жұмыссыздықта тіркелген азаматтарды қамти отырып, оларды шағын кәсіпкерлікті дамытуға ауқымды тарту үшін бизнес жобаларды қаржыландыру бағыттарын әртараптандыру жоспарлануда.

3.3 Ауыл шаруашылығы саласындағы өзекті мәселелер:

1) Асыл тұқымды түйелер сатып алу құнын арзандату үшін, сатып алынған әр басқа кемінде 300 000 теңгеге субсидиялау мүмкіндіктерін қарастыру;

2) Түйе шаруашылығында селекциялық жұмысты субсидиялау мүмкіндіктерін қарастыру;

3) Түйе шаруашылығының етті бағыттағы құнын арзандату үшін, өндіріген түйе етінің килограммы 300 теңгеге дейін субсидиялау мүмкіндіктерін қарастыру;

4) Түйе сүгін өндіру және өңдеу құнын арзандату үшін, өндіріген түйе сүгінің килограммын 300 теңгеге дейін субсидиялау мүмкіндіктерін қарастыру;

Бұл ретте, кешенді жоспарға өзгерістер енгізіп, іс-шаралар іске асқан жағдайда өңіріміздің түйе шаруашылығын дамытуға, тұтынудың ең төменгі нормаларын қамтамасыз ететін жоғары сапалы сүт және ет өнімдері, түйе еті, жүн, тері, шикізаты өндірісінің көлемін ұлғайтуға мүмкіндіктер береді.

4-1 мәселелердің шешу жолдары: Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы № 108 бұйрығымен бекітілген «Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» [28] қағидасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу.

Аталған жобаны Атырау облысында жоғары дәрежеде жүзеге асыру мақсатында келесідей ұсыныстар дайындалды:

1. ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігімен бекітілген «Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін субсидиялау қағидаларының» талаптарына «Күн панел» паспортын қосуға;

2. Егін алқаптарына арналған қоршауды қосуды (қағидада жайылымдық жерлерді қоршау бар) жөн.

3. Ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативтеріне ауыл халқының біріктіруді ынталандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Жер кодексіне конкурс кезінде ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативтеріне басымдық беруді заңдастыру мәселесін қарастыруды ұсынамыз. Бұл мәселе, кооперативтердің қызметін және бағдарламаның өзін іске асырудың тиімділігін кеңейтуге мүмкіндік береді.

4. ҚР Бюджеттік Кодексіне, 179-баптың 3-тармағына сенім білдірілген өкілдер (агенттер) бола алатын субъектілер тізіміне жарғылық капиталындағы мемлекет үлесі кемінде 35 пайыз болатын микроқаржы ұйымдарын қосу қажет.

5. Жабдықтар, техникалар сатып алу, құрылғыларды монтаждау жұмыстарына кететін шығындар көп болуына орай, жоба аясындағы несиелендіру көлемін 8 000 айлық есептік көрсеткіш 16 000 айлық есептік көрсеткішке дейін өсіруді қажет.

Бағдарламаның шарттарын, халықтың табысын арттыру мақсатында мемлекет тарапынан беріліп отырған мүмкіндіктер туралы ақпаратты жеткізу жұмыстары келер жылда да жалғасын табатын болады.

Атырау облысының агроөнеркәсіптік кешенін (АӨК) дамыту жөніндегі іс-шараларды жетілдіру бойынша ұсынымдар мен ұсыныстарды әзірлеу күшті және әлсіз жақтарды, мүмкіндіктер мен қауіптерді SWOT талдауында анықталған саланың ағымдағы жағдайын есепке алуды қамтиды. Осы талдаудың негізінде жақсартудың келесі бағыттарын ұсынуға болады:

1. Инфрақұрылымды және логистиканы нығайту:

- Ішкі және халықаралық нарықтарға қолжетімділікті жақсарту үшін көлік инфрақұрылымын дамыту.
- Егін жинаудан кейінгі ысырапты азайту және өнім сапасын жақсарту мақсатында өнімді сақтау қоймаларын салу және жаңғырту.

2. Жерді пайдалану тиімділігін арттыру:

- Өнімділікті арттыру және жер ресурстарын пайдалануды оңтайландыру үшін озық агротехнологияларды енгізу.
- Жерді өңдеудің заманауи әдістеріне және жерді пайдалану тиімділігін арттыруға фермерлерді үнемі оқыту және кеңес беру.

3. Өңдеуді дамыту:

- Шикізат экспортын қысқарту және дайын өнім үлесін ұлғайту үшін өңдеуші кәсіпорындарды құруды және дамытуды ынталандыру.
- Жоғары қосылған құны бар өнімдерді шығару үшін өңдеу саласындағы инновацияларды қолдау.

4. Мемлекеттік қолдауды күшейту:

- Субсидияларды, салық жеңілдіктерін және жеңілдетілген несиелендіруді қоса алғанда, ауыл шаруашылығы өндірушілері мен өңдеушілерін мемлекеттік қолдау бағдарламаларын кеңейту.
- Білікті мамандар даярлау және инновацияларды енгізу мақсатында ауыл шаруашылығы ғылымы мен білімін дамыту.

5. Инвестицияларды тарту:

- Агроөнеркәсіптік кешенге отандық және шетелдік инвестицияларды тарту үшін қолайлы инвестициялық ахуал жасау.
- Агроөнеркәсіптік кешендегі ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін мемлекет пен жеке сектор арасындағы серіктестікті дамыту.

6. Ынтымақтастықты дамыту:

- Шағын және орта тауар өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін ауыл шаруашылығы кооперативтерін қолдау және дамыту.
- Тұқымдарды, тыңайтқыштарды және ауыл шаруашылығы техникаларын бірлесіп сатып алу, сондай-ақ өнімді бірлесіп

өңдеу және өткізу үшін кооперативтік үлгілерді енгізу.

7. Экспорттық әлеуетті дамыту:

- Ауыл шаруашылығы өнімдері мен оларды қайта өңдеу өнімдерінің экспорттық нарықтарын кеңейту және әртараптандыру.
- Халықаралық талаптар мен стандарттарға сәйкес келетін өнім сапасы мен стандарттарын жақсарту.

Бұл ұсыныстар Атырау облысының агроөнеркәсіп кешенінің тұрақты дамуын құруға, оның ішкі және халықаралық нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, сондай-ақ ауыл шаруашылығын дамыту арқылы облыс халқының өмір сүру деңгейін арттыруға бағытталған.

ҚОРЫТЫНДЫ

Атырау облысының агроөнеркәсіп кешенін зерттеу қазіргі заман талабы мен сын-қатерлеріне сай аймақтық дамудың экономикалық және әлеуметтік аспектілерін қамти отырып жүргізілді. Диссертациялық жұмыс барысында барлық зерттеу мақсаттарына қол жеткізілді, атап айтқанда:

1) Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеудің экономикалық мәні мен рөлін анықтай отырып, оның жергілікті экономиканы дамыту үшін де, өңірдегі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін де маңыздылығын атап өтті.

2) АЭЖ қызметін мемлекеттік реттеудің әдістері мен принциптерін зерделеу ауыл шаруашылығы өндірісін тұрақтандыру мен дамытуға ықпал ететін субсидияларды, салық жеңілдіктерін және несиелендіруді қоса алғанда, мемлекет пен агроөнеркәсіп кешенінің өзара әрекеттесуінің негізгі бағыттарын анықтады.

3) Мемлекеттік реттеудің шетелдік тәжірибесін талдау бәсекеге қабілеттілікті арттыруға және ауыл шаруашылығы өндірісіне инновациялық әдістерді енгізуге ықпал ететін, Атырау облысының жағдайында іске асыруға бейімделген агроөнеркәсіптік кешенді қолдаудың тиімді тетіктерін анықтауға мүмкіндік берді.

4) Атырау облысы әкімшілігінің қызметі мен АЭЖ дамуының егжей-тегжейлі талдауы негізгі проблемалар мен одан әрі даму әлеуетін айқындай отырып, аймақтың аграрлық сектордағы ағымдағы жағдайы мен негізгі жетістіктерін көрсетті.

5) Өңірдегі ауыл істерін мемлекеттік реттеу мәселелерін шешу жолдарын анықтау және ұсыну агроөнеркәсіптік кешенді тұрақты дамытудың тиімді стратегиясын қалыптастыруға, халықтың өмір сүру сапасы мен экономикалық тұрақтылықты арттыруды қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Диссертацияда Атырау облысының агроөнеркәсіптік кешенін дамытуды мемлекеттік реттеу шараларын жетілдіру бойынша келесі ұсыныстар берілген:

1. *Нақты өңірлік мақсаттарға бағытталған мемлекеттік қолдау моделі:*

– Бұл әрбір аймақтың бірегей табиғи, экономикалық және әлеуметтік жағдайларын ескере отырып, оған тән бағдарламаларды әзірлеуді білдіреді. Бұл тәсіл аймақтық қажеттіліктерді тиімдірек шешуге мүмкіндік береді және аграрлық сектордың тұрақты дамуына ықпал етеді.

2. *Мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының функционалдық міндеттерін ажырату:*

– Ұсынылып отырған модель орталық және аймақтық билік органдары арасында жауапкершілікті бөлудің маңыздылығын атап көрсетеді. Мемлекеттік органдар ұлттық экономикалық саясатты жүзеге асыруға назар аударуы керек, ал жергілікті билік өз аймақтарында ауыл шаруашылығын дамытуға арналған бағдарламаларды әзірлеп, жүзеге асыруы керек.

3. *Экономика мен агробизнесі дамыту үшін қолайлы жағдай жасау:*

– Бұл агроөнеркәсіп кешенінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, инфрақұрылымды дамыту, қаржы ресурстары мен нарықтарға қолжетімділікті қамтамасыз ету, инновациялар мен жаңа технологияларды енгізуді ынталандыру шараларын қамтиды.

4. *«Ауылдық жинақ» бағдарламасы бойынша шағын несие:*

– Бұл бағдарлама әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерін өндіру үшін нақты аудандарға немесе ауылдық округтерге қаржылық қолдау көрсетуді ұсынады. Бұл жергілікті ауыл шаруашылығы өндірісінің дамуын ынталандыруға және азық-түлік қауіпсіздігін жақсартуға ықпал етеді.

5. *Инфрақұрылымды және логистиканы нығайту:*

– Ішкі және халықаралық нарықтарға қолжетімділікті жақсарту үшін көлік инфрақұрылымын дамыту.

– Егін жинаудан кейінгі ысырапты азайту және өнім сапасын жақсарту мақсатында өнімді сақтау қоймаларын салу және жаңғырту.

6. *Жерді пайдалану тиімділігін арттыру:*

– Өнімділікті арттыру және жер ресурстарын пайдалануды оңтайландыру үшін озық агротехнологияларды енгізу.

– Жерді өңдеудің заманауи әдістеріне және жерді пайдалану тиімділігін арттыруға фермерлерді үнемі оқыту және кеңес беру.

7. *Өңдеуді дамыту:*

– Шикізат экспортын қысқарту және дайын өнім үлесін ұлғайту үшін өңдеуші кәсіпорындарды құруды және дамытуды ынталандыру.

– Жоғары қосылған құны бар өнімдерді шығару үшін өңдеу саласындағы инновацияларды қолдау.

8. *Мемлекеттік қолдауды күшейту:*

– Субсидияларды, салық жеңілдіктерін және жеңілдетілген несиелендіруді қоса алғанда, ауыл шаруашылығы өндірушілері мен өңдеушілерін мемлекеттік қолдау бағдарламаларын кеңейту.

– Білікті мамандар даярлау және инновацияларды енгізу мақсатында ауыл шаруашылығы ғылымы мен білімін дамыту.

9. *Инвестицияларды тарту:*

– Агроөнеркәсіптік кешенге отандық және шетелдік инвестицияларды тарту үшін қолайлы инвестициялық ахуал жасау.

– Агроөнеркәсіптік кешендегі ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін мемлекет пен жеке сектор арасындағы серіктестікті дамыту.

10. *Ынтымақтастықты дамыту:*

– Шағын және орта тауар өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін ауыл шаруашылығы кооперативтерін қолдау және дамыту.

– Тұқымдарды, тыңайтқыштарды және ауыл шаруашылығы техникаларын бірлесіп сатып алу, сондай-ақ өнімді бірлесіп өңдеу және өткізу үшін кооперативтік үлгілерді енгізу.

11. *Экспорттық әлеуетті дамыту:*

– Ауыл шаруашылығы өнімдері мен оларды қайта өңдеу

өнімдерінің экспорттық нарықтарын кеңейту және әртараптандыру.

– Халықаралық талаптар мен стандарттарға сәйкес келетін өнім сапасы мен стандарттарын жақсарту.

Бұл ұсыныстар облыстың азық-түлік қауіпсіздігі мен экономикалық өркендеуін қамтамасыз ете отырып, Атырау облысының ауыл шаруашылығының тұрақты дамуына ықпал ететін агроөнеркәсіп кешенін мемлекеттік реттеудің тиімді жүйесін құруға бағытталған.

Осылайша, зерттеу Атырау облысының агроөнеркәсіп кешенінің маңызды даму әлеуеті бар екенін растады, оны мемлекеттік реттеуге кешенді көзқарас пен барлық мүдделі тараптарды белсендіру жағдайында жүзеге асыруға болады. Шетелдік тәжірибе мен инновациялық технологияларды бейімдеу де маңызды фактор болып табылады, ол мемлекеттік қолдау мен жергілікті бастамалармен үйлессе, өңірдің аграрлық секторының серпінді және тұрақты дамуын қамтамасыз ете алады.

ПАЙДАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ

- 1 «Қазақстан-2050» Стратегиясы, ҚР Президентінің жолдауы, 2012 жыл 14 желтоқсан, Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты, URL:<https://www.akorda.kz>. Жүгінген күні:12.02 2024 жыл.
- 2 Маденова К.М, Ерназарова А.Қ. оқу құралы “Аграрлық экономика”. - Астана, 2009.- 14 б.
- 3 Ж.О.Ихданов, Ә.О.Орманбеков. Экономиканы мемлекеттік реттеудің өзекті мәселелері. - Алматы, 2002. 118-119 б.
- 4 Е.Б. Жатқанбаев. Экономиканы мемлекеттік реттеу. -Алматы, 2014. - 216б.
- 5 Организация, экономика и менеджмент в АПК / Сборник научных трудов. – М.: 2004. – 106 с.
- 6 А.М.Бабашкина. Государственное регулирование национальной экономики. – М.: Финансы и статистика, 2006. – С.219-220.
- 7 К.Қ.Хасенова. Экономиканы мемлекеттік реттеу. - Астана, «Тұран-Астана», 2013. -159 б.
- 8 Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы. Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі №66 Заңы. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL:<https://adilet.zan.kz/> 20.03.24 ж.
- 9 Ходов Л.Г. Государственное регулирование национальной экономики: учебник. -М.: Экономист, 2012ж.
- 10 Мезенцева ЕС Государственное регулирование АПК в развитых странах // Вестник СевКавГТУ, серия «Экономика», 2004. - №1 (12).
- 11 Ниеталина Г.К. Государственная поддержка АПК в развитых странах // Международный деловой журнал KAZAKHSTAN, 2007. - №4. - С. 23-29.
- 12 О Государственной программе развития сельского хозяйства и регулирования рынков сельскохозяйственной продукции, сырья и продовольствия на 2008 - 2012 годы: постановление Правительства № 446 от 14.07.2007 // Собр. законодательства Российской Федерации. – 2007. - №31. - ст. 4080.
- 13 Государственное регулирование АПК: опыт и основные направления [Электронный ресурс]. – Қол жеткізу режимі: URL:<http://www.rusnauka.com>. Жүгінген күні:16.03.2024 жыл.
- 14 Колесняк И.А. Государственное регулирование сельского хозяйства за рубежом // Вестник Красноярского государственного аграрного университета. 2012. № 6. С. 306–309.
- 15 Сафарғалина Ю.М., Арасланбаев И.В. Опыт управления государственного регулирования АПК. В сборнике: Состояние и перспективы развития экономики в условиях неопределенности Сборник статей Международной научно-практической конференции. Ответственный редактор А.А. Сукиасян. 2014. С. 202-204.

16 «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. 2017 ж. 12 желтоқсан. ҚР нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827>. Жүгінген күні: 27.02.2024 ж.

17 Почему государство удобряет АПК деньгами, но не получает урожай [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://forbes.kz>.

18 «Агробизнес-2020» бағдарламасы, 2013 ж. 18 ақпан.

19 Бородин И. Совершенствование методов оценки государственной поддержки сельского хозяйства // Международный сельскохозяйственный журнал. 2014. №3. С. 14-16.

20 Стратегический план развития АО «Национальный холдинг «КазАгро» на 2012 – 2020 годы // Астана, 2011, ҚР нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL:<https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1100000052>. Жүгінген күні: 15.01.2024 ж.

21 Д.М. Турекулова, А.Х.Муканов. Особенности государственного регулирования АПК в республике Казахстан. — Алматы. 2012 г. // Вестник КазЭУ.

22 А.А.Тенетко. Проблемы государственного регулирования аграрного сектора в РФ в современных условиях // Управление в современных системах. — №3. — 2016 г. — 10 с.

23 А.Мельников., В.Сидоренко. Формирование концепции системы государственного регулирования АПК // Международный сельскохозяйственный журнал. 2017. №4. С. 37-40.

24 Ұлттық статистика басқармасы. Атырау облысындағы ауыл, орман және балық шаруашылығының жалпы өнім (қызметтері), 2024 жыл. Электрондық ресурс. URL:<https://stat.gov.kz/ru/region/atyrau/dynamic-tables/1485/> 24.03.2024 ж

25 Атырау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы. (Нақты уақыттағы деректер). - Атырау, // Электрондық ресурс: <https://stat.gov.kz>.

26 Атырау облысының 2024 жылғы 1 қаңтардағы ауыл шаруашылығының әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары. - Атырау облысы әкімдігінің ресми сайты. Электрондық ресурстар: <https://primeminister.kz>.

27 Атырау облысының агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасын іске асыру бағдарламасы. Электрондық ресурс: ҚР Премьер-Министірінің ресми ақпараттық ресурсы, URL: <https://primeminister.kz> Жүгінген күні: 27.03.2024 ж

28 Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы № 108 бұйрығы.

29 Акимбекова Г. У., Никитина Г. А. Приоритетные направления развития агропромышленного комплекса Казахстана //Проблемы агрорынка. – 2020. – №. 4. – С. 13-23.


30 Смагулова Ш. А., Доскеева Г. Ж., Радько Н. М. Развитие агропромышленного комплекса Республики Казахстан //Проблемы агрорынка. – 2015. – №. 3. – С. 14-20.

31 Габдуллина Р. Ж., Лухманова Г. К., Таипов Т. А. Агропромышленный комплекс Республики Казахстан в контексте интеграционных процессов //Проблемы агрорынка. – 2018. – №. 2. – С. 20-27.

32 Керимова У. К., Касенбаев Г. С. Ключевые проблемы развития агропромышленного комплекса в Казахстане и пути их решения //Вестник университета «Туран». – 2021. – №. 4. – С. 85-92.

33 Бейсенгалиев Б. Т. Проблемы и перспективы инновационного развития Агропромышленного комплекса Казахстана //ХАБАРШЫСЫ ВЕСТНИК. – 2010. – С. 30.

Қосымша



16-сурет – АӨК-ді мемлекеттік реттеу моделі

Ескертпе – Сурет мемлекеттік органдардан алынған дереккөздер негізінде автормен құрастырылған [23].